**«ҚазТрансГаз» АҚ**

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

*2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,*
*тәуелсіз аудиторлардың есебімен бірге*

# МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

**Шоғырландырылған қаржылық есептілік**

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп ........ 1-2
Жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есеп ........ 3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп ........ 4-5
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп ........ 6
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер ........ 7-62

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» гимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

# Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның Акционері мен Басшылығына

Біз «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі - «Топ») қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспектілері туралы ақпарат пен басқа да түсіндірме ескертпелер жатады.

### *Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың жауапкершілігі*

Компания басшылығы осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірлеуге және дұрыс беруге әрі басшылықтың пікірінше адал емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп айқындайтын ішкі бақылау процедуралары үшін жауап береді.

### *Аудиторлардың жауапкершілігі*

Біздің міндетіміз жүргізілген аудит негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, аудитті қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілікте маңызды бұрмаланулардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындай етіп жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудитке шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған процедураларды орындау жатады. Шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің едәуір бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, процедураларды таңдау аудитор тұжырымдарына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау мен дұрыс беруге қатысты ішкі бақылау аспектілерін ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажет аудит процедураларын анықтау үшін қарастырады. Сондай-ақ,, аудитке таңдалған есеп саясатының дұрыстығын және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаудың негізділігін бағалау және жалпы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын бағалау жатады.

Біз алған аудиторлық дәлелдер пікірімізді білдіруге жеткілікті әрі тиісінше деп санаймыз.

A member firm of Ernst & Young Global Limited

EY
Building a better
working world

***Пікір***

Біздің ойымызша, шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде «ҚазТрансГаз» АҚ-ның және оның еншілес кәсіпорындарының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін олардың шоғырландырылған қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес лайықты түрде көрсетеді.

Ernst & Young LLP

Бахтиёр Эшонкулов
Аудитор / аудит жөніндегі партнер

Аудитордың 2012 жылғы 27 тамыздағы
№ МФ-0000099 біліктілік куәлігі

Евгений Жемалетдинов
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ-2, № 0000003, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде берілген

2016 жылғы 22 ақпан

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2015 жылғы 31 желтоқсанға**

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 4 | **719.858.428** | 646.885.678 |
| Материалдық емес активтер | | **1.637.009** | 1.469.899 |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар | 6 | **15.709.491** | 18.765.146 |
| Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар | 5 | **770.209** | 58.381.486 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | | **26.048.891** | 16.001.132 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер | | **182.229** | 993.099 |
| Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер | 29 | **3.272.127** | 226.448 |
| Пайдалануға шектелген ақша қаражаты | 11 | **6.048.059** | 4.178.146 |
| Банк салымдары | 11 | **40.000** | 33.548.252 |
| | | **773.566.443** | 780.449.286 |
| **Ағымдағы активтер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлар | 7 | **37.297.449** | 24.687.987 |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешек | 8 | **65.725.667** | 63.033.980 |
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар | 10 | **61.098.669** | 25.427.403 |
| Берілген аванстар | 6 | **3.160.857** | 4.060.879 |
| Өтелуге жататын салықтар | 9 | **11.258.563** | 15.035.590 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **11.166.221** | 4.979.937 |
| Банк салымдары | 11 | **12.549.557** | 23.490.298 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 12 | **19.578.582** | 4.631.772 |
| | | **221.835.565** | 165.347.846 |
| **Активтер жиыны** | | **995.402.008** | 945.797.132 |
| **Капитал және міндеттемелер** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 13 | **179.655.175** | 163.039.875 |
| Қосымша төленген капитал | 13 | **237.758.875** | 222.830.632 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв | | **546.149** | 546.149 |
| Бөлінбеген пайда | | **69.003.602** | 178.026.553 |
| | | **486.963.801** | 564.443.209 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 14 | **104.252.407** | 106.647.107 |
| Пайыздық қарыздар | 15 | **28.311.935** | 19.000.634 |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар | 16 | **144.582.380** | 7.982.388 |
| Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | 17 | **653.967** | 2.960.308 |
| Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек | | **54.354** | 51.188 |
| Резервтер | 18 | **42.921.850** | 38.053.675 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | 19 | **5.773.623** | 5.594.642 |
| Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер | 29 | **26.352.210** | 23.430.320 |
| | | **352.902.726** | 203.720.262 |

*7-62 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 14 | **840.870** | 1.125.707 |
| Пайыздық қарыздар | 15 | **17.571.534** | 86.334.449 |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар | 16 | **25.245.635** | – |
| Резервтер | 18 | **26.609.088** | 18.564.588 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 20 | **73.433.815** | 58.112.573 |
| Төленуге жататын салықтар | | **941.636** | 1.255.438 |
| Алынған аванстар | 21 | **3.420.837** | 3.647.034 |
| Өзге ағымдағы міндеттемелер | 22 | **7.472.066** | 8.593.872 |
| | | **155.535.481** | 177.633.661 |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | | **995.402.008** | 945.797.132 |

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор С.О. Кусепбаев

Бас бухгалтер Б.Н. Мельдеханов

*7-62 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

# ЖИЫНТЫҚ ЗИЯН ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|
| Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен кірістер | 23 | **374.319.323** | 328.972.045 |
| Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны | 24 | **(277.605.060)** | (242.473.336) |
| **Жалпы пайда** | | **96.714.263** | 86.498.709 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 25 | **(27.339.503)** | (37.076.216) |
| Басқа да операциялық кірістер | 26 | **11.365.124** | 14.198.390 |
| Өзге де операциялық шығыстар | 26 | **(8.840.880)** | (6.205.506) |
| **Операциялық қызметтен болған пайда** | | **71.899.004** | 57.415.377 |
| Қаржылық кірістер | 27 | **7.991.115** | 3.010.945 |
| Қаржылық шығындар | 27 | **(26.096.094)** | (15.269.989) |
| Бірлескен кәсіпорындардың шығынындағы үлес | 5 | **(60.500.985)** | (37.180.604) |
| Теріс бағамдық айырма, нетто | 28 | **(101.242.892)** | (15.018.749) |
| **Салық салынғанға дейінгі залал** | | **(107.949.852)** | (7.043.020) |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 29 | **(1.534.705)** | (13.124.799) |
| **Бір жылғы таза шығын** | | **(109.484.557)** | (20.167.819) |
| **Басқа да жиынтық кіріс** | | **461.606** | 501.395 |
| **Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жататын жиынтық кіріс** | | | |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | | **–** | 391.692 |
| **Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жататын жиынтық кіріс** | | | |
| Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша актуарлық пайда | 17 | **577.007** | 137.129 |
| Табыс салығының ықпалы | | **(115.401)** | (27.426) |
| **Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын таза жиынтық кіріс** | | **461.606** | 109.703 |
| **Табыс салығы шегерілген бір жылғы жиынтық шығын жиыны** | | **(109.022.951)** | (19.666.424) |

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор _______ *С.Ө. Күсепбаев*

Бас бухгалтер _______ *Б.Н. Мельдеханов*

*7-62 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен болған ақша ағындары** | | | |
| Салық салынғанға дейінгі залал | | **(107.949.852)** | (7.043.020) |
| | | | |
| **Мыналарға түзетулер:** | | | |
| Тозу және амортизация | 24, 25, 26 | **25.655.040** | 29.439.433 |
| Қаржылық кірістер/шығындар, нетто | 27 | **18.104.979** | 12.259.044 |
| Бірлескен кәсіпорындардың шығынындағы үлес | 5 | **60.500.985** | 37.180.604 |
| Газды тасымалдау шығыстары бойынша резервтегі өзгеріс | 18 | **11.484.510** | (7.938.828) |
| Газды қарызға беру бойынша шығындарды өтеу | 25 | **–** | 11.074.720 |
| Резервтердегі өзгеріс | | **556.744** | (1.477.361) |
| Газ қарыздары бойынша берешектегі өзгеріс | | **–** | (5.744.418) |
| Қызметкерлердің пайдаланылмаған демалыстары мен сыйлықақылары бойынша резервті есептеу | | **1.147.493** | 1.348.973 |
| Күмәнді борыштар, берілген аванстар, ескірген және өтпейтін ТМҚ бойынша резервтегі өзгеріс, нетто | 25 | **177.357** | 1.194.161 |
| Салық активтерінің құнсыздануы және өтелуге жататын ҚҚС | 25 | **1.398.050** | – |
| Болашақ кезеңдер кірістерінің амортизациясы | 26 | **(378.194)** | (851.718) |
| Қызметкерлерге берілген тұрғын үй өтемақыларының амортизациясы | 25 | **1.144.159** | 447.260 |
| Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді өткізуден болған пайда | 26 | **(202.711)** | (5.452.092) |
| Негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залал | 26 | **5.131.261** | 794.395 |
| Қысқартудан түскен кіріс | 26 | **(2.038.449)** | – |
| Актуарийлік бағалаудағы өзгеріс және жұмыскерлердің сыйақылары бойынша дисконт амортизациясы | | **–** | (77.944) |
| Теріс бағамдық айырма | | **108.458.466** | 17.337.590 |
| **Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық пайда** | | **123.189.838** | 82.490.799 |
| | | | |
| Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс | | **(16.159.181)** | (7.918.317) |
| Сауда және өзге дебиторлық берешектегі өзгеріс | | **(4.579.889)** | (9.132.354) |
| Берілген аванстардағы өзгеріс | | **900.022** | (632.896) |
| Өтеуге жататын салықтардағы өзгеріс | | **(6.272.047)** | (10.420.332) |
| Сауда және өзге кредиторлық берешектегі өзгерістер | | **7.887.287** | 366.259 |
| Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердегі өзгерістер | | **(67.458)** | 308.366 |
| Төленетін салықтардағы өзгеріс | | **(366.544)** | 25.641 |
| Алынған аванстардағы өзгеріс | | **(226.197)** | 347.948 |
| Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс | | **(2.773.481)** | (1.521.946) |
| Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс | | **43.801** | (139.873) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының түсімі** | | **101.576.151** | 53.773.295 |
| | | | |
| Төленген пайыздар | | **(17.230.911)** | (9.262.420) |
| Төленген табыс салығы | | **(8.155.570)** | (15.627.245) |
| Банк салымдары бойынша алынған пайыздар | | **3.759.869** | 2.339.324 |
| **Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары** | | **79.949.539** | 31.222.954 |

*7-62 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|
| **Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары** | | | |
| Банк салымдарын орналастыру/қайтарып алу | | **88.792.390** | (38.353.158) |
| Пайдалануда шектелген ақша қаражатын орналастыру | | **(1.869.913)** | (1.620.149) |
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар | | **(36.839.415)** | (26.149.030) |
| Байланысты тараптар өтеген пайызсыз қарыздар | | **102.930** | – |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу | | **(57.060.572)** | (43.641.302) |
| Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсім | | **7.390.325** | 751.246 |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар | | **(14.120.498)** | (10.492.872) |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **(13.604.753)** | (119.505.265) |
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары** | | | |
| Банк қарыздары мен борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер | | **89.811.140** | 172.324.338 |
| Байланысты тараптардан қарыздар бойынша түсімдер | 16 | **148.969.800** | 14.881.897 |
| Меншік иелерінің жарналары | 13 | **11.427.285** | – |
| Банк қарыздарын және борыштық бағалы қағаздарды өтеу | | **(303.483.661)** | (104.825.066) |
| **Операциялық қызметтен болған/(пайдаланылған) таза ақша ағындары** | | **(53.275.436)** | 82.381.169 |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеру** | | **13.069.350** | (5.901.142) |
| Таза оң бағамдық айырма | | **1.877.460** | – |
| Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары | 12 | **4.631.772** | 10.532.914 |
| **Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары** | 12 | **19.578.582** | 4.631.772 |

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор — *С.О. Кусепбаев*

Бас бухгалтер — *Б.Н. Мельдеханов*

*7-62 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

| *Мың теңгемен* | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв | Бөлінбеген пайда | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| **2014 жылдың 1 қаңтарына** | 144.011.655 | 7.369.647 | 154.457 | 283.100.106 | 434.635.865 |
| Бір жылғы таза пайда | – | – | – | (20.167.819) | (20.167.819) |
| Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс | – | – | 391.692 | 109.703 | 501.395 |
| **Бір жылғы жиынтық залал** | – | – | 391.692 | (20.058.116) | (19.666.424) |
| Акциялар шығарылымы *(13-ескертпе)* | 19.028.220 | – | – | – | 19.028.220 |
| Акционердің тарапынан жарна *(13-ескертпе)* | – | 215.460.985 | – | – | 215.460.985 |
| Акционермен басқа да операциялар *(13-ескертпе)* | – | – | – | (85.015.437) | (85.015.437) |
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға** | 163.039.875 | 222.830.632 | 546.149 | 178.026.553 | 564.443.209 |
| Бір жылғы таза шығын | **–** | **–** | **–** | **(109.484.557)** | **(109.484.557)** |
| Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс | **–** | **–** | **–** | **461.606** | **461.606** |
| **Бір жылғы жиынтық залал** | **–** | **–** | **–** | **(109.022.951)** | **(109.022.951)** |
| Акциялар шығарылымы *(13-ескертпе)* | **16.615.300** | **(1.335.937)** | **–** | **–** | **15.279.363** |
| Акционердің тарапынан жарна *(13-ескертпе)* | **–** | **16.264.180** | **–** | **–** | **16.264.180** |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | **179.655.175** | **237.758.875** | **546.149** | **69.003.602** | **486.963.801** |

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор ________ *С.О. Кусепбаев*

Бас бухгалтер ________ *Б.Н. Мельдехонов*

*7-62 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

**2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

## 1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілікке «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі «Компания» немесе «ҚТГ») және оның еншілес ұйымдарының (бірлесіп «Топ» деп аталады) қаржылық есептілігі кіреді *(2-ескертпе)*.

ҚТГ Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі «Үкімет») 2000 жылғы 5 ақпандағы № 173 Қаулысының негізінде бекітілген және 2000 жылғы 13 наурыздағы жабық акционерлік қоғам күйінде тіркелген акционерлік қоғам болып табылады. 2004 жылғы 9 маусымда Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам болып қайта тіркелді. Топтың бас кеңсесі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, 36-шы көше, 11-үй мекенжайы бойынша тіркелген.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі «ҚазМұнайГаз») ҚТГ-ның жалғыз акционері болып табылады. ҚазМұнайГаз-дың 90%-зы минус 1 (бір) акциясы «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ (бұдан әрі «Самұрық-Қазына») арқылы Үкіметке тиесілі және «ҚазМұнайГаз» бен «Самұрық-Қазына»-ның барлық еншілес ұйымдары Компанияның және Топтың байланысты тараптары ретінде қарастырылады *(30-ескертпе)*.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 Қаулысына сәйкес «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы газ және газбен қамсыздандыру саласында ұлттық оператор болып анықталды. Топтың ұлттық оператор ретіндегі негізгі міндеті Қазақстанның тауар газындағы ішкі мұқтаждықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына мыналар кіреді:

- Қазақстанда магистральды құбырлардың газ көлік жүйелерін жалпы дамыту үшін инвестициялық қызметті басқару;
- Қазақстанда газ кеніштерін әзірлеу үшін инвестициялық қызметті басқару;
- газ өнеркәсібінде жобаларды зерттеу және әзірлеу бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету;
- шетелдік және жергілікті нарықтарда газды өткізу;
- газ өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және ендіру бағдарламасына қатысу.

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілікті Экономика және қаржы жөніндегі Басқарушы директор мен Бас бухгалтер 2016 жылғы 22 ақпанда шығаруға бекітті.

**Көмірсутектерді барлау және өндіру**

2000 жылғы желтоқсанда Топ Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен Жамбыл облысының, Оңтүстік Қазақстан Аманкелді, Анабай, Айракты және Құмырлы газ кеніштерін қоса алғанда, Солтүстік Үшарал, Үшарал-Кемпіртөбе аумақтарында, сондай-ақ XXXIII-48, XXXIII-49, XXXIV-49, XXXIV-50, XXXIV-51, XXXV-50 блоктарында көмірсутектерді барлау және өндіру жұмыстарын жүзеге асыруға арналған Келісімшартқа (бұдан әрі «Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт») қолын қойды. Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың қолданылу мерзімі 31 жылды құрайды. Топ 2003 жылдың қарашасында Аманкелді кен орнында және 2014 жылдың желтоқсанында Жарқұм кен орнында газды өндіруді әрі оны өткізуді бастады.

Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың талаптары бойынша Топтың, егер көмірсутектің коммерциялық тиімді қорлары анықталмаған жағдайда, өзінің кез келген келісімшарттық аумағынан бас тартуға құқығы бар.

**Концессия шартындағы өзгерістер**

*«Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы»* Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының газ көлік жүйесінің негізгі активтері күйіндегі республикалық мүлік 2013 жылғы 31 шілдедегі айырбас шарты бойынша «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының меншігіне берілуі тиіс. «Самұрық-Қазына»-ға газ көлік жүйесінің активтерін беру үшін Концессия шартының тоқтатылуы қажет еді. 2014 жылғы 19 тамызда «Интергаз Орталық Азия» АҚ еурооблигацияларын ұстаушыларының Концессия шартының бұзылуы және активтердің берілуі бойынша еурооблигацияларды шығару проспектісінің талаптарына өзгерістерді енгізуге келісімдері алынды.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ (жалғасы)

**Концессия шартындағы өзгерістер (жалғасы)**

2014 жылғы 5 желтоқсандағы Концессия шартын бұзу туралы келісімге сәйкес тараптар бір бірін Концессия шарты бойынша барлық міндеттемелерден босатады. Бір мезгілде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің, «Самұрық-Қазына» мен «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның арасында Мүлікті сенімгерлік басқару туралы үшжақты шарт жасалды *(13-ескертпе)*. Концессия шартын бұзу туралы келісімге сәйкес Топ 1.956.806 мың теңге сомасында бұрын есептелген резервті сторнациялады.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ӘЗІРЛЕУ НЕГІЗІ

Топтың қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кенес (бұдан әрі – «ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде көрсетілгендей әділ құны бойынша бағаланатын активтер мен міндеттемелерді қоспағанда, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық сомалары, егер өзгесі көрсетілмесе, мыңға дейін дөңгелектенген.

**Шоғырландыру негізі**

Еншілес ұйымдар соңғысының еншілес ұйымға бақылауды алған күнді білдіретін сатып алу күнінен бастап бас компания шоғырландырады және осындай бақылаудан айырылған күніне дейін шоғырландыруын жалғастырады. Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі Топтың барлық ұйымдары үшін есеп саясатын бірізді қолданудың негізінде бас компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Топ ішіндегі операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын барлық топ ішілік қалдықтар, операциялар, жұмсалмаған кірістер мен шығыстар, ақша қаражатының қозғалысы және дивидендтер толық алынып тасталған.

Бақылаудан айырылмастан еншілес ұйымға қатысу үлесінің өзгеруі капиталмен болған операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес ұйымның үстінен бақылаудан айырылып қалса, ол:

- еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелерін мойындауды тоқтатады (оның ішінде соған қатысты гудвилді);
- бақыланбайтын қатысу үлесінің баланстық құнын тануды тоқтатады;
- капиталда көрсетілген жинақталған бағамдық айырмаларды мойындау тоқтатады;
- алынған сыйақының әділ құнын таниды;
- қалған инвестицияның әділ құнын таниды;
- операцияның нәтижесінде пайда болған артық шығуды немесе дефицитті пайданың немесе залалдың құрамында мойындайды;
- бұрын басқа жиынтық кірістің құрамында мойындалған компоненттердегі бас компанияның үлесін табыстың немесе шығынның немесе нақты талаптарға сәйкес бөлінбеген табыстың құрамына қайта жіктейді.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**Шоғырландыру негізі (жалғасы)**

*Еншілес ұйымдар*

2014 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған келесі ұйымдарда қатысу үлесі болды:

| Атауы | Тіркелген жері | Негізгі қызмет | Қатысу үлесі<br>2015 жылғы 31 желтоқсан | <br>2014 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| «Интергаз Орталық Азия» АҚ («ИОА») | Қазақстан | Газды тасымалдау, сату және сақтау, Қазақстанда газ құбырларына техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету | 100% | 100% |
| «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ («ҚТГ-Аймақ») | Қазақстан | Газды жергілікті қуат өндірушілерге, заңды және жеке тұлғаларға өткізу | 100% | 100% |
| «ҚазТрансГаз Алматы» АҚ («ҚТГ-Алматы») | Қазақстан | Газды сату және бөлу | 100% | 100% |
| «ҚазТрансГаз Тбилиси» АҚ (ҚТГ-Тбилиси») | Грузия | Газды сату және бөлу | 100% | 100% |
| «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС | Қазақстан | Газды тазарту | 100% | 100% |
| «Аманкелді Газ» ЖШС («АГ») | Қазақстан | Табиғи газды және газ конденсатын өндіру | 100% | 100% |
| «Астана Газ ҚМГ» АҚ | Қазақстан | «Батыс-Солтүстік-Орталық» магистральды газ құбырын салу | 100% | – |
| «Кансу РД Оперейтинг» ЖШС | Қазақстан | Табиғи газды және газ конденсатын барлауды және өндіруді басқару | 100% | – |
| «Интергаз Файнэнс Б.В.» («ИФБВ») | Нидерландтар | Еурооблигацияларды шығару (қаражатты тарту) | 100% | 100% |
| «КазТрансГаз Бишкек» ЖШҚ («КТГ-Бишкек») | Қырғызстан | «Бухараның газды ауданы-Ташкент-Бішкек-Алматы» магистральды газ құбыры учаскесінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары және жаңғырту | 100% | 50% |

Кутаиси калалық сотының 2009 жылғы 16 наурыздағы шешіміне сәйкес Топ өзінің еншілес ұйымы «ҚТГ Тбилиси» АҚ бақылаудан айырылып қалды. Бұл еншілес ұйымды шоғырландыру бақылаудан айырылу күнінен бастап тоқтатылды.

*Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар*

Топтың бірлескен кәсіпорындар нысанындағы бірлескен қызметке қатысу үлесі бар, онда бірлескен қызмет катысушылары кәсіпорынның экономикалық қызметіне бірлескен бақылауды белгілейтін шарттық келісімге кірді. Келісім бірлескен қызметке қатысушылардан қаржылық және операциялық саясатқа қатысты бірауызды шешімдерді қабылдауды талап етеді. Бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды Топ үлестік катысу әдісі бойынша ескереді.

Қатысу үлесі әдісіне сәйкес бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бастапқы құны бойынша оған Топқа тиесілі бірлескен кәсіпорынның таза активтері үлесінде сатып алғаннан кейін туындаған өзгерістерді қоса ескеріледі. Бірлескен қызметке жататын гудвил инвестициялардың баланстық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне дербес негізде тексерілмейді.

Жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есеп бірлескен кәсіпорын қызметінің қаржы нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Егер бірлескен кәсіпорын капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылса, осы фактіні ашады. Топ пен бірлескен кәсіпорын арасындағы операциялар кезінде туындайтын іске асырылмаған пайда мен залалдар шоғырландыру кезінде Топтың бірлескен кәсіпорында қатысу үлесі бар дәрежеде элиминацияланады.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**Шоғырландыру негізі (жалғасы)**

*Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)*

Бірлескен кәсіпорындар пайдасындағы немесе залалындағы Топтың үлесі тікелей жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте беріледі. Ол бірлескен кәсіпорын қатысушыларына келетін пайданы немесе залалды білдіреді және сондықтан бірлескен кәсіпорынның еншілес ұйымдарындағы салық салуды және бақыланбайтын қатысу үлестерін есепке алғаннан кейін пайда немесе залал ретінде айқындалады.

Бірлескен кәсіпорынның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ бірлескен кәсіпорынға инвестициялар бойынша құнсызданудан болған залалды тану қажеттігін айқындайды. Әрбір есепті күнге Топ бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың объективті құнсыздану белгілерінің бар екендігін айқындайды. Осындай айғақтар болған жағдайда Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның өтелген құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және залалды «бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы/(залалындағы) үлес» бабы бойынша жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте таниды.

Бірлескен бақылаудан айырылған жағдайда Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындайды. Бірлескен бақылау жойылған кезге инвестициялардың баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және шығудан түсімдер арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады. Егер Топ объектіге салынған инвестицияға айтарлықтай әсерін сақтаса, қалған инвестициялар қауымдасқан компанияға салынған инвестиция ретінде ескеріледі.

*Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды сатып алу*

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жалпы бақылауға берілетін еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Бастамашыны бастапқыда сатып алған кезде объективті түрде ескеретін тиісті гудвилл осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бастамашының гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы ағымдағы құны мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Егер сатып алу елеулі деп қарастырылған жағдайда, онда салыстырмалы деректерді қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік еншілес ұйымды Топ Бастамашы бастапқыда сатып алған күнге сатып алғандығы туралы жорамалға сүйене отырып ұсынылады.

**Шетел валюталарын қайта есептеу**

*Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген, әрі ол функционалдық валюта және Топтың қаржылық есептілігін білдіру валютасы болып табылады. Топ құрамындағы әрбір ұйым өзінің функционалдық валютасын айқындайды және әр ұйымның қаржылық есептілігіне кіргізілген баптар таңдалған функционалдық валютада өлшенеді.

*Операциялар және шоттар сальдосы*

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда функционалдық валютада операция тану көрсеткіштерін қанағаттандыратын күнге қолданылатын валютаның спот-бағамы бойынша есептейді. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның спот-бағамы бойынша қайта есептеледі. Монетарлық баптарды есептеу немесе қайта есептеу бойынша туындайтын барлық айырмалар жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**Шетел валюталарын қайта есептеу (жалғасы)**

*Операциялар және шоттар сальдосы (жалғасы)*

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын пайда мен шығындар баптың әділ құны (яғни баптар бойынша бағамдық айырмалар, өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылған әділ құнның өзгерісінен болған кірістер немесе шығыстар да тиісінше өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылады) өзгерісі нәтижесінде болған кірістерді немесе шығыстарды тану қағидаттарына сәйкес есептеледі.

*Топтың кәсіпорындары*

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығындары және қаржылық жағдайы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күндерге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар басқа да жиынтық кірістің жеке құрамдасы ретінде танылады.

*Валюталарды айырбастау бағамдары*

Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі «ҚҚБ») белгіленетін орташа есептелген айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

2015 жылдың 31 желтоқсанына ҚҚБ валюталық айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 339,47 теңгеге тең болды. Бұл бағам 2015 жылдың 31 желтоқсанына АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2014 жылдың 31 желтоқсанына: 1 АҚШ доллары үшін 182,35 теңге).

**Елеулі есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар**

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есепті кезеңнің аяғында есептілікте ұсынылатын кірістер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер мен активтер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте активтертің немесе міндеттеменің баланстық құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыра алады.

Топтың есеп саясатын қолдану процесінде басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындалған сомаларға едәуір ықпал ететін келесі пайымдауларды пайдаланды:

*Операциялық жал бойынша міндеттемелер – Топ жалға алушы ретінде*

Топ магистральды газды бөлу желісін жалдау туралы шартты, қызметтік үй-жайлар мен автомобильдерді жалдау туралы шартты жасады. Топ жалға беруші магистральды газ бөлу желісіне, офистік үй-жайлар мен автомобильдерге меншік құқығына байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен пайданы өзіне сақтап қалатындығын айқындады, сондықтан бұл шарттарды операциялық жал ретінде ескереді.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**Маңызды есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (жалғасы)**

*Салық салу*

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде, басшылық ықтимал міндеттемелер ретінде Топ даулай алмайтын немесе сәтті даулай алады деп есептей алмайтын, егер салық органдарының тарапынан бағаласа, салық позицияларының мәлім салаларын қарастырады. Мұндай анықтамалар елеулі пайымдауларды көздейді және салық заңнамасындағы және нормативтік актілердегі өзгерістердің, салық түсімдерінен күтілетін нәтижелерді және салық органдарының салық тексерулерінің нәтижелерін айқындау нәтижесінде өзгеріп отыруы мүмкін. Салық тәуекелдері жөнінде барынша толық ақпарат *31-ескертпеде* келтірілген.

*Өтелуге жататын ҚҚС бойынша резерв*

Топ, кем дегенде, жыл сайынғы негізде, өтелуге жататын ҚҚС сомасы күмәнді болып табылатындығының талдауын жүргізеді. Өтелуге жататын ҚҚС-тың күмәнді сомасы бойынша резерв салық органдарының есебіне негізделген. Топ бұдан әрі ҚҚС-тың қайтарылуына немесе есепке алынуына өз құқығын қорғай алатындығын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдаулары қажет.

*Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер*

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер алынуға жататын қарыздар, өткен жылдардың залалдары, күмәнді берешектің барлық резервтері, есептелген демалыстар, ескірген тауар-материалдық қорлардың резервтері және мынадай ықтималдық дәрежесінде басқа міндеттемелері бойынша барлық резервтер бойынша танылады, бұл салық салынатын уақытша айырмашылықтар мен осындай шығыстардың коммерциялық сипатына, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясын табысты қолдануға негізделетін болады. 2015 жылғы 31 желтоқсанда мерзімі ұзартылған салық бойынша танылған активтер сомасы 10.144.825 мың теңге болды (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 9.464.098 мың теңге). Барынша толық ақпарат *29-ескертпеде* қамтылған.

*Қаржы құралдарының әділ құны*

Мұндай құралдардың белсенді нарығының жоқтығына орай қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құнын анықтау мүмкін болмаған жағдайда қаржы активтері мен міндеттемелердің әділ құны, күтілетін дисконтталған ақша ағындарының үлгісі сияқтыларды қоса алғанда, бағалау әдістемелерімен айқындалады.

Үлгілер үшін кіріс деректері ретінде бұл мүмкін болған жерде нарықтық деректер пайдаланылады, нарықтық деректер болмаған жағдайда әділ құнды анықтау үшін пайымдаулар қажет. Пайымдаулар өтімділік тәуекелін, несиелік тәуекелді және өзгермелілікті қамтиды. Бағалау мен пайымдаулардағы өзгерістер қаржы құралдарының әділ құнына ықпал ете алады.

Топ күмәнді дебиторлық берешек, берілген аванстар және басқа да ағымдағы активтер бойынша резервтер құрайды. Күмәнді берешекті бағалау үшін елеулі пайымдаулар қолданылады. Күмәнді берешекті бағалау кезінде сатып алушы қызметінің бұрынғы және күтіліп отырған нәтижелері назарға алынады. Экономикадағы, саладағы немесе сатып алушының нақты сипаттарындағы өзгерістер, қаржылық есептілікте ескерілген күмәнді берешек бойынша резервті түзетуді талап етуі мүмкін. 2015 жылдың 31 желтоқсанына күмәнді борыштар бойынша резервтер 5.350.178 мың теңге (2014 жылдың 31 желтоқсанына: 4.294.425 мың теңге) сомасында қалыптасты. Барынша толық ақпарат *6 және 8-ескертпелерде* қамтылған.

*Қызметкерлерге сыйақылар*

Қызметкерлерге сыйақыларды беру құны актуарлық әдісті пайдалана отырып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс дисконттау мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі және өлім-жітім деңгейі туралы болжамдарды қамтиды. Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына байланысты мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Қолданыстағы дисконттау мөлшерлемесін анықтау кезінде Топ басшылығы міндеттеменің күтілетін қолданылу мерзіміне сәйкес келетін экстраполяцияланған өтеу мерзімдері бар мемлекеттік облигациялардың пайыздық мөлшерлемелерін ескереді. Өлім-жітім деңгейі әрбір нақты елде ашық қолжетімді өлім-жітім кестесіне негізделеді. Жалақы мөлшерінің келешек ұлғаюы әрбір нақты ел үшін инфляцияның күтілетін келешек үрдістеріне негізделеді.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**Маңызды есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (жалғасы)**

*Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі*

Сенімгерлік басқару шарты бойынша басқарудағы негізгі құралдар бойынша толықтырулар немесе жетілдірулер Шарттың қолданылу кезеніне қарамастан қалған пайдалы қызмет етудің бағалау мерзімінің ішінде капиталдандырылады, амортизацияланады. Топ негізгі құралдар қызметінің қалған пайдалы мерзімін ең әрі дегенде әрбір қаржы жылының соңына бағалайды және егер күту бұрынғы бағалаудан өзгеше болса, өзгерістер 8 ХБЕС *«Есеп жүргізу саясаты, есептеу бағаларындағы өзгерістер мен қателіктерге»* сәйкес есептеу бағаларындағы өзгерістер ретінде перспективті ескеріледі.

*Негізгі құралдар мен газ активтерінің құнсыздануы*

Егер ақша ағындарын жасайтын активтің немесе бөлімшенің баланстық құны келесі өлшемдердің ең үлкені болып табылатын оның өтелетін құнынан асып кетсе, құнсыздану орын алады: сатуға арналған шығынды шегергендегі әділ құн және пайдаланудан болған құндылық. Сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнның есебі ұқсас активтерді сатудың міндетті күші бар коммерциялық мәмілелері бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің шығарылуына байланысты шегілген қосымша шығындарды шегергенде қадағаланатын нарықтық бағаға негізделеді. Пайдаланудан болатын құндылықтың есебі дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі 5 (бес) жылға алынады және оған Компанияның жүргізуге әлі де болса міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің құнсыздану мәніне тексерілетін активтің нәтижелерін жақсартатын келешектегі елеулі инвестициялар жатпайды. Өтелетін құн дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ ақша қаражатының күтілетін ағындарына және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсу қарқындарына барынша сезімтал.

*Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер*

Заңнамаға және Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшартта айқындалған талаптарға сәйкес Топ негізгі құралдарды демонтаждау әрі жою және *1-ескертпеде* көрсетілген газдың әрбір кен орнындағы жер учаскелерін және магистральды газ құбырларына қатысты қалпына келтіру бойынша барлық заңгерлік міндеттемелерді көтереді.

Міндеттемелер сомасы міндеттемелерді өтеу үшін қажет болады деп күтілетін бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады. Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта қаралады және *«Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер»* 1 IFRIC түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі. Келешек шығындарды бағалау кезінде елеулі бағалаулар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Түпкілікті жабуға арналған шығындарға жатқызылатын айқындықтың болмауы күтілетін ақша ағындарын дисконттаудың әсер етуі есебінен кемітіледі. Топ газ құбырларын келешекте жою, барлық пайдалану газ ұңғымаларын жабу және келісімшарттық аумақты рекультивациялау құнын ағымдағы жылдың бағаларын және инфляцияның ұзақ мерзімді деңгейінің орта мәнін пайдалана отырып бағалайды.

2015 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдай туралы есепте міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған инфляция мен дисконт мөлшерлемесінің ұзақ мерзімді үрдістері 3,22% және тиісінше 10,09% (2014 жылдың 31 желтоқсанына: тиісінше 3,22% және 10,09%) болды. 2015 жылдың 31 желтоқсанына газ құбырын жою және учаскені қалпына келтіру бойынша резервтің баланстық құны 39.349.902 мың теңге (2014 жылдың 31 желтоқсанына: нөл теңге) болды. 2015 жылдың 31 желтоқсанына Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт бойынша ұңғымаларды жою, учаскені қалпына келтіру және тарихи шығындар бойынша резервтің баланстық құны 3.930.271 мың теңге (2014 жылдың 31 желтоқсанына: 2.665.200 мың теңге) болды. Барынша толық ақпарат *18-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және Топ алғаш рет пайдаланатын қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Топ 2015 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін қолданыстағы стандарттарға бірқатар жаңа стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды. Топ шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Мұндай өзгерістердің сипаты мен әсері төменде қарастырылады. Жаңа стандарттар мен түзетулердің алғаш рет 2015 жылы қолданылғанына қарамастан, олар Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбеді. Әрбір жаңа стандарттың/түзетудің сипаты мен әсері төменде сипатталған:

*19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Белгіленген төлемдері бар бағдарламалар: жұмыскерлердің жарналары»*

19 ХҚЕС (IAS) белгіленген төлемдері бар бағдарламаларды есепке алу кезінде ұйым жұмыскерлер мен үшінші тұлғалардың тарапынан жарналарды назарға алуын талап етеді. Егер жарналар қызметтерді көрсетумен байланысты болса, олар теріс сыйақы ретінде қызмет көрсету кезеңдеріне жатқызылуы тиіс. Бұл түзетулер, егер жарна сомасы қызметтерді көрсету жылдарына тәуелді болмаса, ұйым мұндай жарналарды қызметтерді көрсету кезеңдеріне жатқызудың орнына оларды тиісті қызметтер көрсетілген кезеңде қызмет құнының азаюы ретінде мойындай алатындығын түсіндіреді. Мұндай түзету 2014 жылғы 1 шілдеден немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Бұл түзету Топтың қызметіне қолданылмайды, өйткені Топтың бірде бір ұйымының жұмыскерлердің немесе үшінші тұлғалардың тарапынан жарналарды көздейтін белгіленген төлемдері бар бағдарламалары жоқ.

***ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2010-2012 жылдар***

2014 жылғы 1 шілдеде немесе осы күннен кейін ұсыну күнімен, акцияларға негізделген төлемдерге қолданылатын 2 ХҚЕС-ке (IFRS) *«Акцияларға негізделген төлемдер»* қатысты түзетулерді қоспағанда, барлық қалған түзетулер 2014 жылғы 1 шілдеден немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Топ келесі түзетулерді осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте алғаш рет қолданды:

*2 ХҚЕС (IFRS) «Акцияларға негізделген төлем»*

Бұл түзету перспективті түрде қолданылады және нәтижелерге қол жеткізу шарттарының анықтамасымен байланысты мәселелерді және құқықтардың берілу шарттары болып табылатын қызметтерді көрсету кезеңінің шарттарын түсіндіреді. Түзету нәтижелерге қол жеткізу шарттарын және алдыңғы кезеңдегі құқықтардың берілу шарттары болып табылатын қызметтерді көрсету кезеңінің шарттарын анықтау үшін Топ қолданған әдіске сәйкес келеді. Сонымен бірге, Топ 2014 жылдың екінші жартыжылдығының және 2015 жылдың бойына ешқандай сыйақыларды бермеді. Осылайша, бұл түзету Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне немесе есеп саясатына әсер етпеді.

*3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнесті біріктіру»*

Түзету перспективті түрде қолданылады және бизнесті біріктіру нәтижесінде туындаған міндеттемелер (немесе активтер) ретінде жіктелген шартты өтеу туралы барлық келісімдер кейіннен олардың 39 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жататындығына қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілуі тиіс екендігін түсіндіреді. Бұл түзету Топтың ағымдағы есеп саясатына сәйкес келеді және осылайша, оған әсер етпеді.

*8 ХҚЕС (IFRS) «Операциялық сегменттер»*

Түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және мыналарды түсіндіреді:

- Ұйым агрегацияланған операциялық сегменттердің қысқаша сипаттамасын және сегменттердің «соған ұқсас» болып табылатындығын бағалау үшін пайдаланылған экономикалық сипаттамаларды (мысалы, сату және жалпы маржа) қоса алғанда, 8 ХҚЕС-тің (IFRS) 12-тармағында көрсетілген агрегациялау критерийлерін қолдану кезінде басшылық пайдаланған пайымдаулар туралы ақпаратты ашып көрсетуі тиіс;
- Сегмент активтерін жалпы активтер сомасымен салыстыруды, сондай-ақ сегмент бойынша міндеттемелер туралы ақпаратты, тек егер салыстырып тексеру операциялық шешімдерді қабылдайтын басшылыққа ұсынылса ғана, ашып көрсету қажет.

Бұл түзету Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және Топ алғаш рет пайдаланатын қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

***ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2010-2012 жылдар (жалғасы)***

*16 ХҚЕС-ке (IAS) «Негізгі құралдар» және 38 ХҚЕС-ке (IAS) «Материалдық емес активтер»*

Түзету ретроспективті түрде қолданылады және 16 ХҚЕС (IAS) пен 38 ХҚЕС (IAS) актив қадағаланатын деректерді ескере отырып не болмаса оның жалпы баланстық құнын нарықтық құнға дейін түзету арқылы немесе баланстық құн үшін нарықтық құнды айқындау және түпкі баланстық құн активтің нарықтық құнына тең болатындай етіп жалпы баланстық құнды пропорционалды түзету арқылы қадағаланатын деректерді пайдаланудың негізінде қайта бағалануы мүмкін. Сонымен бірге, жинақталған амортизация – активтің жалпы және баланстық құнының арасындағы айырма екендігі түсіндіріледі. Бұл түзету Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

*24 ХҚЕС (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету»*

Түзету ретроспективті түрде қолданылады және басқарушы компания (негізгі басқарушы персоналдың қызметтерін көрсететін ұйым) байланысты тарап болып табылатындығын және оған байланысты тараптар туралы ақпараттың ашылып көрсетілуі жайында қойылатын талаптар қолданылатындығын түсіндіреді. Сондай-ақ басқарушы компанияның қызметтерін пайдаланатын ұйым басқарушы компаниялардың қызметтеріне жұмсалатын шығыстар туралы ақпаратты ашып көрсетуі тиіс. Бұл түзету Топқа қолданылмайды, өйткені Топ басқарушы компаниялар көрсететін қызметтерді пайдаланбайды.

***ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2011-2013 жылдар***

Бұл түзетулер 2014 жылғы 1 шілдеден немесе осы мерзімнен кейін басталатын есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Топ мұндай жетілдірулерді осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте алғаш рет қолданды. Оларға мыналар кіреді:

*3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнесті біріктіру»*

Түзету перспективті түрде қолданылады және 3 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданылу аясынан болған ерекшеліктерді түсіндіреді:

- 3 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданылу аясына тек бірлескен кәсіпорындар ғана емес, бірлескен кәсіпкерлік туралы барлық келісімдер жатпайды;
- Бұл қолданылу аясынан алынған ерекшеленік қаржылық есептілікте бірлескен кәсіпкерлік туралы келісімнің өзін есепке алуға қатысты ғана қолданылады.

Топ бірлескен кәсіпкерлік туралы келісім болып табылмайды, сондықтан бұл түзету Топқа және оның еншілес компанияларына қолданылмайды.

*13 ХҚЕС (IFRS) «Әділ құнды бағалау»*

Түзету перспективті түрде қолданылады және әділ құнды портфель деңгейінде бағалау мүмкіндігін көздейтін 13 ХҚЕС-тен (IFRS) босату тек қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерге ғана емес, сол сияқты 39 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясындағы басқа да шарттарға қолданыла алатындығын түсіндіреді. Топ әділ құнды портфель деңгейінде бағалау мүмкіндігін көздейтін 13 ХҚЕС-тен (IFRS) босатуды қолданбайды.

*40 ХҚЕС (IAS) «Инвестициялық мүлік»*

40 ХҚЕС-те (IAS) қосымша қызметтердің сипаттамасы инвестициялық мүліктің және меншік иесі алып отырған мүліктің (яғни негізгі құралдар) арасындағы айырмашылықты айқындайды. Түзету перспективті түрде қолданылады және 3 ХҚЕС (IFRS), 40 ХҚЕС-тегі (IAS) қосымша қызметтердің сипаттамасы емес, операцияның активті сатып алу немесе бизнесті біріктіруі болып табылатындығының анықтамасы үшін пайдаланылатындығын түсіндіреді. Алдыңғы кезеңдерде операцияның активті сатып алу немесе бизнесті сатып алу болып табылатындығын анықтау кезінде Топ 40 ХҚЕС-ті (IAS) емес, 3 ХҚЕС-ті (IFRS) басшылыққа алды. Осылайша, бұл түзету Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне немесе есеп саясатына әсер етпеді.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар және түсіндірмелер**

Төменде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттары мен түсіндірмелері келтіріледі. Топ осы стандарттарды олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

*9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»*

2014 жылғы шілдеде ХҚЕС жөніндегі кенес 9 ХҚЕС-тің (IFRS) *«Қаржы құралдары»* түпкі редакциясын шығарды, ол 39 ХҚЕС-ті (IAS) *«Қаржы құралдары: тану және бағалау»* және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) барлық алдыңғы редакцияларын ауыстырады. 9 ХҚЕС (IFRS) қаржы құралдарын есепке алу жобасының үш бөлігін басын біріктіреді: жіктеу мен бағалау, құнсыздану және хеджирлеуді есепке алу. 9 ХҚЕС (IFRS) 2018 жылғы 1 қантардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Хеджирлеудің есепке алынуын қоспағанда, стандарт ретроспективті түрде қолданылады, бірақ салыстырмалы ақпараттың ұсынылуы міндетті болып табылмайды. Хеджирлеудің есепке алынуына қатысты талап, ең алдымен, бірқатар шектелген ерекшеліктермен перспективті түрде қолданылады.

Топ талап етілген күшіне енгізу күнінен бастап жаңа стандартты қолдануды бастауды жоспарлап отыр. 2015 жылы Топ 9 ХҚЕС-тің (IFRS) барлық үш бөліктерінің әсерін жалпы бағалады. Мұндай алдын ала бағалау қазіргі уақытта қолжетімді ақпаратқа негізделеді және барынша толық талдаудың немесе Топқа келешекте қолжетімді болатын қосымша негізделген әрі расталатын ақпараттың салдарынан өзгертілуі мүмкін. Жалпы, Топ жаңа талаптар өзінің қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне және капиталына ықпал етеді деп күтіп отырған жоқ.

*14 ХҚЕС (IFRS) «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмалар шоттары»*

14 ХҚЕС (IFRS) міндетті стандарт болып табылмайды, әрі ол қызметі тарифтік реттелуге жататын ұйымдарға ХҚЕС-ті алғаш рет қолданғаннан кейін кейінге қалдырылған тарифтік айырмалардың шоттары бойынша қалдықтарға қатысты есеп саясатының қолданыстағы қағидаттарының көпшілігін қолдануды жалғастыруға рұқсат етеді. 14 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданатын ұйымдар кейінге қалдырылған тарифтік айырмалар шоттарын қаржылық жағдай туралы есепте бөлек жолдармен көрсетулері тиіс, ал мұндай қалдықтар бойынша қозғалыстарды – пайда немесе зиян және БЖК туралы есепте бөлек жолдармен. Стандарт тарифтік реттеудің сипаты және соған байланысты тәуекелдер туралы, сондай-ақ мұндай реттеудің ұйымның қаржылық есептілігіне әсері туралы ақпаратты ашып көрсетуді талап етеді. 14 ХҚЕС (IFRS) 2016 жылғы 1 қантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Топ есептілікті ХҚЕС бойынша дайындайтындықтан, бұл стандарт оның қаржылық есептілігіне қолданылмайды.

*15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»*

15 ХҚЕС (IFRS) 2014 жылғы мамырда шығарылды және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімдерге қатысты қолданылатын бес кезең кіретін модельді көздейді. 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сай түсім соған арналған құқықты ұйым сатып алушыға тауарлардың берілуіне немесе қызметтердің көрсетілуіне айырбас ретінде аламын деп отырған өтемақыны көрсететін сома бойынша танылады.

Түсім бойынша жаңа стандарт ХҚЕС-тің түсімді тануға қойылатын барлық қолданыстағы талаптарын ауыстырады. ХҚЕС жөніндегі Кеңес 2018 жылғы 1 қантардан басталатын жылдық кезеңдер үшін бір жылға күшіне ену күнін кейінге қалдыратын түзетулермен жұмыс амалдарын аяқтағаннан кейін немесе осы күннен кейін толық ретроспективті қолдану немесе түрлендірілген ретроспективті қолдану талап етіледі, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Топ талап етілген күшіне енгізу күнінен бастап жаңа стандарттың толық ретроспективті қолданылу нұсқасын пайдалануды жоспарлап отыр. 2015 жылы Топ 15 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану салдарын алдын ала бағалады, әрі соның нәтижелері жалғасып отырған барынша толық талдаудың қорытындылары бойынша қайта қаралуы мүмкін. Сонымен бірге, Топ 2015 жылы шілдеде құжаттың алдын ала нұсқасының шеңберінде ХҚЕС жөніндегі Кеңес шығарған түсіндірмелерді назарға алып, келешекте өзгерістерді қадағалап отырады. Топ мұндай қызметтердің көрсетілуінен түскен түсімнің есепке алынуына жаңа стандарттың қолданылуы нәтижесінде оның қаржылық есептілігіне айтарлықтай ықпал етуді күтпейді.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)**

*11 ХҚЕС-ке (IFRS) «Бірлескен қызмет» – «Бірлескен операцияларда қатысу үлестерінің сатып алынуын есепке алу» түзету*

11 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер бірлескен операциялардың қатысушысы бірлескен операциядағы қатысу үлесінің сатып алынуын ескеруін талап етеді, әрі оның қызметі бизнестің бірігуін есепке алу үшін тиісті 3 ХҚЕС (IFRS) қағидаттарына сай бизнесті білдіреді. Сондай-ақ түзетулер бірлескен операцияда бұрын болған қатысу үлестері, егер бірлескен бақылау сақталып қалса, дәл сол бірлескен операцияда қосымша қатысу үлесін сатып алу кезінде қайта бағаланбайтындығын түсіндіреді. Сонымен қатар, 11 ХҚЕС-ке (IFRS) қолданылу аясынан алынған ерекшелелік қосылды, соған сай бұл түзетулер, егер бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптар (есеп беретін ұйымды қоса алғанда) дәл сол бір түпкі бақылаушы тараптың жалпы бақылауында болса, қолданылмайды.

Түзетулер бірлескен операциядағы бастапқы қатысу үлесін сатып алуға қатысты, сол сияқты дәл сол бірлескен операциядағы қосымша үлестерді сатып алуға қатысты қолданылады және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективті негізде күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді деп күтілуде.

*16 ХҚЕС-ке (IAS) және 38 ХҚЕС-ке (IAS) «Рұқсат етілген амортизациялау әдістерін түсіндіру» түзетулер*

Түзетулер 16 ХҚЕС (IAS) және 38 ХҚЕС (IAS) қағидаттарын түсіндіреді, олар түсім активті пайдаланушы шеңберінде пайдаланылатын экономикалық пайданы емес, бизнес қызметінің (оның бір бөлігі актив болып табылады) нәтижесінде болатын экономикалық пайданың құрылымын көрсетеді. Нәтижесінде түсімге негізделген әдіс негізгі құралдарды амортизациялау үшін пайдалана алмайды және материалдық емес активтерді амортизациялау үшін сирек жағдайларға ғана пайдаланылуы мүмкін. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективті негізде қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді деп күтілуде, өйткені Топ өзінің айналымнан тыс активтерін амортизациялау үшін түсімге негізделген әдісті пайдаланбады.

*16 ХҚЕС-ке (IAS) және 41 ХҚЕС-ке (IAS) «Ауыл шаруашылығы: жеміс беретін өсімдіктер» түзетулер*

Түзетулер жеміс беретін өсімдіктердің анықтамасына сәйкес келетін биологиялық активтерді есепке алуға қойылатын талаптарға өзгерістер енгізеді. Түзетулерге сай жеміс беретін өсімдіктердің анықтамасына сәйкес келетін биологиялық активтер бұдан былай 41 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жатпайды. Оның орнына соларға қатысты 16 ХҚЕС (IAS) қолданылады. Бастапқыда танылғаннан кейін жеміс беретін өсімдіктер 16 ХҚЕС-ке (IAS) сай жинақталған нақты шығындар бойынша (піскенге дейін) және нақты шығындар бойынша есепке алу моделін не болмаса қайта бағаланған құны бойынша есепке алу моделін (піскеннен кейін) пайдалана отырып бағаланады. Сондай-ақ түзетулер жеміс беретін өсімдіктердің өнімі бұрынғысынша 41 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясында қалатындығын растайды және сату шығындарын шегере отырып әділ құны бойынша бағалануы тиіс. Жеміс беретін өсімдіктерге қатысы бар мемлекеттік субсидияларға қатысты 20 ХҚЕС (IAS) *«Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашып көрсету»* қолданылады. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты ретроспективті түрде қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді деп күтіліп отыр, өйткені Топтың жеміс беретін өсімдіктері жоқ.

*27 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Жекелеген қаржылық есептіліктегі үлестік қатысу әдісі»*

Түзетулер ұйымдарға еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындарға және тәуелді ұйымдарға жасалған инвестицияларды жекелеген қаржылық есептілікте есепке алу үшін үлестік қатысу әдісін пайдалануға рұқсат береді. ХҚЕС-ті қолданып жүрген және өздерінің жекелеген қаржылық есептілігінде үлестік қатысу әдісіне өту туралы шешім қабылдайтын ұйымдар бұл өзгерістерді ретроспективті қолдануы тиіс. ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын және өздерінің жекелеген қаржылық есептілігінде үлестік қатысу әдісіне өту туралы шешімді қабылдайтын ұйымдар бұл әдісті ХҚЕС-ке өткен күннен бастап қолдануға міндетті. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)**

*10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Инвестор мен оның тәуелді ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді салу»*

Түзетулер 10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС (IAS) арасындағы, атап айтқанда, тәуелді ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға сатылатын немесе соларға салынатын еншілес ұйымның үстінен бақылау жасау амалынан айырылуды есепке алу арасындағы қайшылықты карастырады. Түзетулер инвестор мен оның тәуелді ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында жасалған мәміледе 3 ХҚЕС-тегі (IFRS) анықтамаға сай өз бизнесін білдіретін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын толық көлемде танылады. Дегенмен бизнесті білдірмейтін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын тәуелді ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы инвесторлар ұйымынан өзге қатысу үлестерінің шегінде ғана танылады. Бұл түзетулер перспективті түрде қолданылады және 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді деп күтілуде.

*ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2012-2014 жылдар*

Бұл түзетулер 2016 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді және Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді. Құжатқа келесі түзетулер кіреді:

*5 ХҚЕС (IFRS) «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет»*

Активтердің (немесе есептен шығарылатын топтардың) есептен шығарылуы, әдетте, сату не болмаса меншік иелеріне бөлу арқылы жүзеге асырылады. Түзету есептен шығарудың бір әдісінен басқа әдісіне өту есептен шығару бойынша жаңа жоспар ретінде емес, бастапқы жоспардың жалғасы ретінде есептелуі тиіс. Осылайша, 5 ХҚЕС-тің (IFRS) талаптарын қолдану үзілмейді. Бұл түзету перспективті түрде қолданылуы тиіс.

*7 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу»*

*(i) Қызмет көрсету шарттары*

Түзету сыйақының төленуін көздейтін қызмет көрсету шарты қаржы активіне жалғасып отырған қатысуды білдіруі мүмкін екендігін түсіндіреді. Ақпараттың ашып көрсетілу қажеттілігін анықтау үшін ұйым 7 ХҚЕС-ке (IFRS) жалғасып отырған қатысуға қатысты нұсқауларға сәйкес сыйақы мен келісімнің сипатын бағалауы тиіс. Қызмет көрсету шарттарының қайсысы жалғасып отырған қатысуды білдіретіндігін бағалау амалдары ретроспективті түрде жасалуы тиіс. Дегенмен ақпараттың ашып көрсетілуі ұйым мұндай түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық кезеңге дейін басталатын кезеңдер үшін қажет емес.

*(ii) Қысқартылған аралық қаржылық есептілікте 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерді қолдану*

Түзету өзара есепке алу туралы ақпараттың ашып көрсетілуіне қойылатын талаптар, мұндай ақпарат соңғы жылдық есепте көрсетілген ақпараттың едәуір жаңартуларын білдірген жағдайларды қоспағанда, қысқартылған аралық қаржылық есептілікке қолданылмайтындығын түсіндіреді. Бұл түзету ретроспективті түрде қолданылуы тиіс.

*19 ХҚЕС (IAS) «Қызметкерлерге төленетін сыйақы»*

Түзету жоғары сапалы корпоративтік облигациялар нарығы облигацияны шығарған ел емес, облигация деноминацияланған валютаның негізінде бағаланатындығын түсіндіреді. Белгілі бір валютада деноминацияланған жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың дамыған нарығының жоқтығында мемлекеттік облигациялар бойынша мөлшерлемелерді пайдалану қажет. Бұл түзету перспективті түрде қолданылуы тиіс.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)**

***ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2012-2014 жылдар (жалғасы)***

*34 ХҚЕС (IAS) «Аралық қаржылық есептілік»*

Түзету аралық кезеңдегі ақпарат аралық қаржылық есептілікте не болмаса аралық қаржылық есептіліктегі тиісті сілтемелерді көрсете отырып аралық қаржы есебінің басқа жерінде (мысалы, басшылыққа арналған түсіндірмелерде немесе тәуекелдерді бағалау туралы есепте) ашып көрсетілуі тиіс. Аралық қаржы есебіндегі өзге де ақпарат пайдаланушылар үшін аралық қаржылық есептілік сияқты дәл сондай талаптарда және сол мерзімде қолжетімді болуы тиіс. Бұл түзету ретроспективті түрде қолданылуы тиіс.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді деп күтілуде.

*1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама»*

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер *«Қаржылық есептілікті ұсыну»* 1 ХҚЕС-тің (IAS) қолданыстағы талаптарын айтарлықтай өзгертпей, оларды түсіндіреді. Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- 1 ХҚЕС-тің (IAS) маңыздылығына қойылатын талаптар;
- пайда мен зиян туралы және БЖК туралы есептегі(дегі) және қаржылық жағдай туралы есептегі жеке баптар бөлінуі мүмкін;
- ұйымның қаржылық есептілікке ескертпелерді беру тәртібін таңдау мүмкіндігі бар;
- үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін тәуелді ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардың БЖК үлесі бір баптың шеңберінде бөлек ұсынылуы және кейіннен пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелетін немесе жіктелмейтін баптар ретінде жіктелуі тиіс.

Сонымен бірге, түзетулер қаржылық жағдай туралы есепте және пайда немесе зиян және БЖК туралы есепте(де) қосымша аралық қорытынды сомаларды ұсыну кезінде қолданылатын талаптарды да түсіндіреді. Бұл түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді деп күтілуде.

**Активтер мен міндеттемелерді ағымдағы және ұзақ мерзімді етіп жіктеу**

Қаржылық жағдай туралы есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың ағымдағы (қысқа мерзімді) және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда ағымдағы (қысқа мерзімді) болып табылады, егер:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі. Міндеттеме мына жағдайларда ағымдағы (қысқа мерзімді) болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- бірақ есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Топтың есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді. Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Әділ құнды бағалау**

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

Топтың негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізу мүмкіндігі болуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде нарыққа қатысушылар пайдаланатын жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің ең шынайы мүдделерінде іс-қимыл жасайды. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе оны мұндай активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан болатын экономикалық пайданы жасау мүмкіндігін ескереді.

Топ қалыптасқан жағдайда қолайлы болатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болатын деректер қолжетімді болатын бағалау әдістемелерін пайдаланады, бұл ретте орынды байқалатын бастапқы деректерді барынша және байқалмайтын бастапқы деректерді мейлінше пайдаланады.

Әділ құны бағаланатын немесе шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері;
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-ші деңгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипатының, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдердің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгейдің негізінде жіктеді.

**Материалдық емес активтер**

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда мойындалған кезде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған (егер ондайлар орын алса) жинақталған залалды, олар болған ретте, шегергенде бастапқы құны бойынша есептеледі.

Топ ішінде құрылған материалдық емес активтер әзірлеуге арналған капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, капиталдандырылмайды және тиісінше шығыс ол туындаған есепті кезең үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Материалдық емес активтер (жалғасы)**

Материалдық емес активтер олардың пайдалы қызмет етуінің есепті мерзімінің ішінде амортизацияланады және егер мұндай материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Материалдық емес актив үшін амортизацияны есептеу кезеңі мен әдісі кем дегенде әрбір есепті кезеңнің аяғында қайта қаралады. Активке кіргізілген келешек экономикалық тиімділікті пайдалы қызмет етудің болжалды мерзімінің немесе болжалды құрылымының өзгерісі шоғырландырылған қаржылық есептілікте жағдайға байланысты амортизация кезеңінің немесе есептеу әдісінің өзгерісі ретінде көрінеді және есепке алу бағаларының өзгерісі ретінде ескеріледі. Материалдық емес активтің амортизациясына жұмсалатын шығыстар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте материалдық емес активтер қызметіне сәйкес шығыстар санатында танылады. Материалдық емес активтер бойынша амортизация келесі кестеде көрсетілген пайдалы қызмет етудің есепті мерзімінің ішінде тікжелілік әдістің негізінде есептеледі:

| | Жылдар |
|---|---|
| Бағдарламалық жасақтама | 7 |
| Басқасы | 10 |

Материалдық емес активтерді есептен шығарудан болатын пайда немесе залал активтің шығуынан болатын таза түсім және активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде өлшенеді және мұндай активті есептен шығару сәтіне жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте танылады.

**Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар өзіндік құны бойынша бухгалтерлік есепте жиналған тозу мен құнсыздану бойынша жиналған шығындарды шегере отырып есептеледі. Негізгі құралдардың бастапқы құнына сатып алу құны, оның ішінде импорт алымдары және өтелмейтін салықтар, егер мойындау шарттарын қанағаттандыратын болса, ұзақ мерзімді активтердің құрылысына тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар, құрал-жабдықтың бөліктерін ауыстыру құны, сондай-ақ активті жұмыс күйіне келтіруге және оны мақсатты пайдалану орнына жеткізуге байланысты кез келген тікелей шығындар кіреді.

Негізгі құралдар объектісін пайдаланудан күтілетін келешек экономикалық пайданың бастапқыда қабылданған нормативтік көрсеткіштерден артық ұлғаюына (пайдалы қызмет ету мерзімінің, қуаттылықтың және т.б. ұлғаюы) әкеліп соқтырған шығыстар негізгі құралдар бойынша қосымша шығындар ретінде капиталданады. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға сәйкес болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жеке активтер ретінде мойындайды және оларды тиісінше амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде соныменн байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте пайда мен зияндарда мойындалады.

Негізгі құралдардың, газды емес активтердің тозуы (газ активтерінен басқа) төменде көрсетілгендей пайдалы қызмет етудің есепті мерзімінің ішінде тікжелілік әдістің негізінде есептеледі:

| | Жылдар |
|---|---|
| Үйлер мен ғимараттар | 7-100 |
| Газ көлік жүйесі | 10-70 |
| Машиналар мен құрал-жабдықтар | 3-40 |
| Көлік құралдары | 5-30 |
| Басқасы | 3-20 |

Жер амортизацияланбайды.

Бұрын мойындалған негізгі құралдарды немесе олардың едәуір құрамдасын мойындауын тоқтату олардың шығуы кезінде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығуынан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын пайда немесе залал (активтің шығуынан және баланстық құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепке кіргізіледі.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Негізгі құралдар (жалғасы)**

Пайдаланудан шығару резерві Топ ғимаратты немесе құрал-жабдықты демонтаждау және пайдаланудан шығару, ол орналасқан аумақты қалпына келтіру бойынша міндеттемелерді көтергенде және мұндай резервтің көлемін негізді түрде бағалауға мүмкін болғанда ғана дисконтталған құны бойынша толық көлемде танылады.

Активтерді тарату құны, пайдалы қызмет ету мерзімі және амортизация әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің соңында сараланады және қажет болғанда түзетіледі.

Аяқталмаған құрылыс өзіндік құны бойынша ескерілген негізгі құралдардың аяқталмаған құрылысын білдіреді. Аяқталмаған құрылысқа құрылыстың, құрал-жабдықтың құны және басқа да тікелей шығындар кіреді. Аяқталмаған құрылыс мұндай активтердің құрылысы аяқталған сәтке дейін және олар пайдалануға берілгенге дейін амортизацияланбайды.

*Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алуға дейінгі шығындар*

Жер қойнауын пайдалану келісімшартын алғанға дейін болған шығындар келтірілген кезеңдегі шығындарға жатқызылады.

*Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу жөніндегі шығындар*

Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындары капиталданады және материалдық емес активтер ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және оның құнсызданбағанын растау мәніне қарастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, жер қойнауын пайдалану құқықтарының баланстық құны және тиісті объектілерді сатып алу шығындары есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») белгіленген кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде жер қойнауын пайдалану құқығының және тиісті объектілерді сатып алуға арналған шығындардың баланстық құны, кен орындардың бөлігінде, барлау және бағалау шығындарымен бірігіп, газ активтеріне ауыстырылады.

*Барлау және бағалау шығындары*

Барлауға арналған заңды құқық алынған сәттен бастап геологиялық және геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау бұрғылауына тікелей қатысты шығындар ұңғыманың бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылау нәтижелері бағаланбайынша шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау бойынша материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капиталданады. Мұндай шығындарға қызметкерлерге төлемақы, пайдаланылған материалдар мен жанар май, бұрғылау мұнарасының жалдау құны және мердігерлерге арналған төлемдер кіреді. Егер қорлар табылмаса, барлау және бағалау бойынша актив құнсыздануға тестіленеді; егер шығарылатын көмірсутектер табылып, одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірленуі ықтимал болатын басқа ұңғымаларда бұрғылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогреске қол жеткізілмейінше, материалдық емес актив ретінде ескерілуін жалғастырады. Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты әзірлеуді жалғастыру ниетін немесе табудан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін растау үшін жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тексеруге жатады. Өйтпеген жағдайда шығындар есептен шығарылады. Газдың дәлелденген қорлары анықталғанда және әзірлеуді жалғастыру шешімі қабылданғанда, тиісті шығындар құнсыздану бағаланғаннан кейін және құнсызданудан болған шығын танылғаннан кейін газ активтерінің құрамына аударылады.

*Әзірлеу шығындары*

Платформалар, газ құбырлары және әзірленетін ұңғымаларды бұрғылау, оның ішінде пайдалану ұңғымалары немесе көмкерілген ұңғымалар сияқты инфрақұрылым объектілерін салу, орнату және аяқтау шығындары газ активтерінің құрамында капиталданады.

*Газ активтерінің тозуы*

Газ активтерінің тозуы, солардың тозуы тікжелілік әдіс бойынша есептелетін инфрақұрылым объектілерінен басқа, дәлелденген әзірленген газ қорларының негізінде өндірістік әдісті пайдалана отырып есептеледі.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Қаржы құралдары**

Бір ұйымда қаржы активінің және екінші ұйымда қаржылық міндеттеменің немесе үлестік құралдың пайда болуына әкеліп соқтыратын кез келген шарт қаржы құралы болып табылады.

*Қаржы активтері*

*Бастапқы тану және бағалау*

39 ХБЕС қолданылу аясындағы қаржы активтері пайда немесе зиян; қарыздар мен дебиторлық берешек; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржы активтері; тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі. Топ өзінің қаржы активтерін олар бастапқы танылған кезде жіктейді.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, қаржы активтері бастапқыда соларман тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарға ұлғайтылған әділ құны бойынша мойындалады.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелермен белгіленген мерзімде активтердің берілуін талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптарда» жасалатын сауда) мәміленің жасалу күніне, яғни Компания активті сатып алу немесе сату міндеттемесін өз мойнына алған күнге мойындалады.

Топтың қаржы активтеріне, ақша қаражаты мен оның баламалары, пайдалануда шектелген ақша қаражаты, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді банк салымдары, сауда және басқа да дебиторлық берешек және берілген қарыздар жатады.

*Одан кейінгі бағалау*

Қаржы активін одан кейін бағалау былайша оларды жіктеуге байланысты болады:

«Пайда немесе зиян арқылы қайта бағаланатын қаржы активтері» санатына саудаға арналған қаржы активтері және пайда немесе зиян арқылы қайта бағаланатын қаржы активтері санатында бастапқы тануға жатқызылған қаржы активтері жатады. Жақын арада сату мақсатымен сатып алынған болса, қаржы активтері саудалауға арналған деп жіктеледі. Бөлек ендірілген туынды құралдарды қоса алғанда, туынды құралдар, олар 39 ХБЕС-ке сай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал әділ құнының таза өзгеруі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық кірістер және қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

Қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сияқты қаржы активтері құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизациялық құны бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану негізінде амортизация жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте қаржылық кірістердің құрамына енгізіледі. Құнсызданумен негізделген шығыстар жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте кезең шығыстары ретінде танылады.

*Тануды тоқтату*

Қаржы активі (немесе, қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе дәл сондай қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылуы доғарады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Қаржы құралдары (жалғасы)**

*Қаржы активтері (жалғасы)*

*Тануды тоқтату (жалғасы)*

Егер Топ активтен ақша ағындарын алуға өзінің барлық құқықтарын берсе не болмаса транзит келісімін жасаса және бұл ретте активтен болған барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, бірақ оны өзінде сақтамаса, сондай-ақ жаңа активке бақылау бермесе, жаңа актив Топ берілген активте өзінің қатысуын жалғастыратын дәрежеде мойындалады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады;

берілген актив бойынша кепіл нысанын қабылдайтын жалғасқан қатысу мынадай шамалардың ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Топ талап етуі мүмкін ең көп соманың ең азы бойынша мойындалады.

*Қаржы активтерінің құнсыздануы*

Әрбір есепті күнге Топ қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы активті бастапқы мойындаудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқиға (орын алған «шығынның туындау жағдайы») нәтижесінде құнсыздануының объективті дәлелі болған жағдайда құнсызданған болып есептеледі, әрі олар сенімді түрде бағалауға болатын қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша күтілетін болашақ ақша қаражаты ағындарына әсер етті.

Құнсыздану дәлеліне борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық қиындықтарды бастан өткізіп отырғанына, өз берешегіне қызмет көрсете алмай отырғанына немесе пайыздарды не болмаса негізгі берешек сомасын дұрыс төлемей отырғанына, сондай-ақ олар банкроттық процедурасын немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастыруды жасайтындығына нұсқаулар кіруі мүмкін. Сонымен бірге, мұндай растауларға қаржы құралы бойынша күтілетін келешек ақша ағымдары төмендеуінің бағалауына көрсететін, атап айтқанда, борыштарды төлеу міндеттемелерін орындаудан бас тартулармен белгілі бір өзара байланыста болатын мерзімі өткен берешек көлемінің немесе экономикалық жағдайдың өзгеруі сияқты қадағаланып отырған деректер жатады.

Құнсызданудан бұрын танылған залалдардың түзетілуі құнсызданудан болған залалдың азаюы құнның азаюынан кейін болған оқиғаға объективті байланысты болуы мүмкін. Мұндай қайтару жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте кіріс ретінде ескеріледі.

<u>Амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтері</u>

Амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты Топ алдымен жекелей маңызды қаржы активтерінің құнсыздануының уәжді дәлелдері бар екендігіне не жинақтай алғанда жекелей маңызды емес қаржы активтері бойынша бағалау жүргізеді. Егер Топ дербес бағаланатын қаржы активі құнсыздануының объективті дәлелдері жоқ деп анықтаса, ол осы активті дәл сондай несиелік тәуекел сипаттамалары бар қаржы активтері тобына қосады, ал содан кейін осы активтерді жиынтық негізде құнсыздану мәніне қарастырады.

Құнсыздану мәніне жеке бағаланатын активтер бойынша не құнсызданудан болған залалдарды тану жалғастырылады, не құнсыздану мәніне жиынтық бағаға енгізілмейді.

Құнсыздану шығынынан болған объективті дәлел болған жағдайда шығын сомасы активтің баланстық құны мен күтілетін келешек ақша ағындарының келтірілген құны (әлі болмаған келешекте күтілетін несиелік шығындарды ескерместен) арасындағы айырма ретінде бағаланады.

Болашақ есепті ақша ағымдарының келтірілген құны қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме құбылмалы болып табылса, құнсыздану шығынын бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі пайыздың ағымдағы тиімді мөлшерлемесін білдіреді.

Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану есебінен төмендейді және шығын сомасы жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте танылады. Азайтылған баланстық құн бойынша пайыздық кірістің есептелуі құнсыздану шығынын бағалау мақсатында келешек ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделе отырып жалғасады.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Қаржы құралдары (жалғасы)**

*Қаржы активтері (жалғасы)*

*Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)*

Амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтері (жалғасы)

Пайыздық кірістер жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есептің қаржылық кірістер құрамында көрсетіледі. Қарыздар тиісті резервтермен бірге, егер оларды келешекте нақты өтеу мүмкіндігі болмаса, ал барлық қолжетімді қамтамасыз ету сатылып не болмаса Топқа берілсе, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен шығарылады. Егер келесі жылдың ішінде құнсызданудан болған есепті шығынның сомасы құнсыздануды мойындағаннан кейін болған қандай да бір оқиғаның салдарынан ұлғайса не болмаса азайса, бұрын мойындалған құнсыздану шығынының сомасы резерв шотын түзету арқылы ұлғайтылады немесе азайтылады. Егер қаржы құралы құнының бұрын орын алған есептен шығарылуы кейіннен қалпына келтірілсе, қалпына келтіру сомасы жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте қаржы шығындарының кемуі ретінде танылады.

*Қаржылық міндеттемелер*

*Бастапқы тану және бағалау*

39 ХБЕС қолданылу аясындағы қаржылық міндеттемелер пайда немесе шығын; несиелер мен қарыздар; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар, тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Топ өзінің қаржылық міндеттемелерін оларды бастапқы тану кезінде жіктейді.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда олармен мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (қарыздар мен несиелер жағдайында) әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелері сауда және басқа да кредиторлық берешекті, шығарылған борыштық бағалы қағаздарды, несиелер мен қарыздарды және байланысты тараптардан қарыздарды қамтиды.

*Кейінгі бағалау*

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

Несиелер мен қарыздар

Бастапқыда мойындалғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар олардың мойындалуы тоқтаған кезде, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте қаржыландырудан болған шығындар құрамына енгізіледі.

Қаржылық кепілдік шарттары

Топ шығарған қаржы кепілдігі шарттары осы шарт иесі белгілі бір борышкердің борыш құралдары шарттарына сәйкес уақтылы төлеуді жүзеге асыруға қабілетсіздігінің салдарынан шеккен залалдарды өтеу үшін төлем жасауды талап етуші шарттарды білдіреді. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдікті шығаруға тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде бастапқыда танылады.

Кейіннен міндеттеме келесі өлшемдердің ең үлкені бойынша бағаланады: есепті күнге қолданыстағы міндеттемені өтеуге қажетті шығындардың ең үздік бағалануы және жинақталған амортизацияны шегере отырып міндеттеменің танылған сомасы.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Қаржы құралдары (жалғасы)**

*Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)*

*Кейінгі бағалау (жалғасы)*

Сауда кредиторлық берешек

Кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Топқа шоттардың жазылып берілуіне қарамастан алынған тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін келешекте төленуі тиіс болатын соманың әділ құны болып табылатын бастапқы құн бойынша ескеріледі.

*Тануды тоқтату*

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржылық міндеттемелерді тану егер міндеттеме өтелген, жойылған немесе оның қолданылу мерзімі біткен болса, доғарылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндағы айырмасы жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

**Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы**

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алуға жатады, ал қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте берілген таза сома қазіргі кезде танылған сомаларды өзара есепке алуға заңды құқық болған кезде, және таза негізде есеп айырысуға не активтерді өткізіп, сонымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеуге ниет болғанда жүзеге асырылады.

**Қаржы құралдарының әділ құны**

Олармен сауда әрбір есепті күні белсенді нарықтарда жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығындар шегерілместен нарықтық баға белгіленімдері немесе дилерлердің баға белгіленімдері (ұзын позициялар үшін сатып алуға арналған баға белгіленімдері және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгіленімдері) негізге алынып анықталады.

Олармен сауда белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн тиісті бағалау әдістемелерін қолдану жолымен анықталады. Мұндай әдістемелерге коммерциялық негізде жуырда жасалған мәмілелердің бағаларын пайдалану, ұқсас құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану; дисконтталған ақша ағындарын талдау не болмаса бағалаудың басқа үлгілері кіруі мүмкін.

**Тауар-материалдық қорлар**

Материалдар мен шикізат өзіндік құнының ең аз мәні немесе таза өткізу құны бойынша ескеріледі.

Тауар-материалдық қорлардың құны ФИФО әдісінің негізінде ескеріледі.

**Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтелетін құнына бағалау жүргізеді. Активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің (ААЖБ) өтелетін құны – мына шамалардың ең үлкені: сату шығындарын шегере отырып, активтің әділ құны (ААЖБ) және активті пайдалану құндылығы (ААЖБ). Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағымдарын жасайтын бөлімшенің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)**

Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағындары салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, әрі ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Сатуға арналған шығындарды шегере отырып әділ құнды анықтау кезінде бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, еншілес ұйымдар акцияларының нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнның өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ құнсыздану сомасын жеке активтер жатқызылатын әр ААЖБ үшін жеке дайындалатын жан-жақты жоспарлары және болжамды есеп айырысуларын басшылыққа ала отырып айқындайды.

Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бес жылдан кейін келешек болжанатын ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқындары есептеледі.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыстар санатының құрамында танылады.

Топ әрбір есепті күнге активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығындар, егер құнсызданудан болған соңғы шығын мойындалған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана, қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің ағымдағы құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнды осылайша қалпына келтіру жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

**Ақша қаражаты және қысқа мерзімді депозиттер**

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен олардың баламаларына банктердегі және кассадағы ақша қаражаты, сондай-ақ 3 (үш) айдан аспайтын бастапқы өтеу мерзімі бар қысқа мерзімді банк салымдары кіреді.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің мақсаттары үшін ақша қаражаты мен оның баламалары өтелмеген банкілік овердрафтарды шегеріп тастағанда, жоғарыдағы анықтамаға сай ақшалай қаражаттан және қысқа мерзімді салымдардан тұрады.

**Резервтер**

Резервтер Топтың өткен шақта болған оқиғалардың нәтижесінде ағымдағы (құқықтық немесе іс-тәжірибеден туындаған) міндеттемесі болса, сондай-ақ міндеттемелерді өтеу үшін экономикалық пайдаларға байланысты қаражат ағыны болатын ықтималдық болғанда және осы міндеттеменің тиісті дұрыс бағасы жүргізілгенде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері мәнді болып табылса, резервтер ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін және онда міндеттемеге тән тәуекелдер орынды салықтарды төлегенге дейін мөлшерлеме бойынша ақша қаражатының күтілетін болашақ қозғалысын дисконттау арқылы есептеледі. Дисконттауды пайдалану кезінде резервтің ұлғаюы уақыттың өтуі салдарынан қаржылық шығындар ретінде танылады.

**Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару)**

Пайдаланудан шығаруға резервтер Топтың жабдықты немесе тетікті демонтаждау және көшіру бойынша және жабдық болған учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болғанда, сондай-ақ мұндай резервке пайымды бағалауды жүзеге асыру мүмкін болғанда дисконттау негізінде толық көлемде танылады. Мойындалатын сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес айқындалған бағаланған келешек шығындардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ сомасы резервтің мөлшеріне балама тиісті негізгі құрал құрылады. Кейіннен, мұндай актив газ активтері мен газкөлік жүйесі активтерінің шеңберінде амортизацияланады.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару) (жалғасы)**

Міндеттемелерді өтеу үшін қажетті экономикалық пайда негізінде жататын есепті мерзімдегі немесе ресурстардың қайту сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болып табылған пайдаланудан шығару жөніндегі қазіргі резервті бағалаудағы өзгерістер, немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс мынадай түрде ескеріледі, соның салдарынан:

(а) резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңге тиісті актив құнына қосылады немесе шегеріледі;

(б) актив құнынан шегерілген сома оның теңгерім құнынан асып кетпеуі қажет. Егер резервтегі кему активтің теңгерім құнынан асып кетсе, онда асып кету шығыстар ретінде дереу танылады; және

(в) егер активтің құны ұлғаюға әкелсе, Топ активтің жаңа теңгерім құны толығымен өтелмейтіні осы көрсеткіш болып табылатындығын қарастырады. Егер бұл осындай көрсеткіш болып табылса, Топ оның өтелетін құнын бағалау арқылы құнсыздануға активті тексереді және 36 ХБЕС-ке сәйкес құнсыздану бойынша кез келген шығынды ескереді.

**Жарғылық капитал және дивидендтер**

Жай акциялардан тұратын акционерлік капитал бастапқы құны бойынша танылады. Жай акцияларға төленетін дивидендтер, олар жарияланған кезеңде меншікті капиталдың азаюы ретінде танылады. Жай акциялар бойынша дивидендтерді жариялау және төлеу Акционердің қарауына қарай жүзеге асырылады. Есепті күннен кейін жарияланған дивидендтер ақпаратты тиісінше ашып көрсете отырып 10 ХБЕС-ке сай *«Есепті күннен кейінгі оқиғалар»* бұдан арғы оқиғалар ретінде қарастырылады.

**Операциялық жал**

Мәміле жалдау болып табылатындығының немесе жалдау белгілерін қамтитындығының анықтамасы мәміленің мазмұнын талдауға негізделген. Бұл ретте шарттың қолданылу мерзімінің басталу күніне оның орындалуы нақты активті немесе активтерді пайдалануға байланысты екендігін және егер құқық мәміледе анық көрсетілмесе, мұндай мәміленің нәтижесінде активті пайдалану құқығының өтетіндігін анықтау қажет.

2005 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімдер үшін өтпелі кезеңге қатысты IFRIC 4 түсіндірмесінің талаптарына сәйкес олардың қолданылуының басталу күні шарты 2005 жылғы 1 қаңтар болып есептеледі.

Операциялық жал кезіндегі жалдау төлемдері жалдау мерзімінің ішінде желілік негізде ағымдағы кезең үшін шығыстар ретінде танылады.

**Кірістер мен шығыстарды тану**

Топ шаруашылық операциялардан экономикалық пайданы ала алатындығының ықтималдығы болған дәрежеде кірістер танылады және кіріс сомасы шынайы бағалануы мүмкін. Өткізуден түскен кіріс жанама салықтарды шегере отырып ескеріледі. Кірісті мойындау үшін келесі критерийлер орындалуы тиіс:

*Тауарларды сату*

Сатудан түскен кіріс сатып алушыға тауарға меншік құқығына байланысты елеулі тәуекелдер мен пайда берілгеннен кейін танылады.

*Тасымалдау бойынша қызмет көрсету*

Тасымалдау қызметтерінен түскен кірістер есепті кезеңнің ішінде тасымалданған газдың нақты көлемінің негізінде танылады.

*Келешек кезеңдер кірістері*

Мемлекеттік органдардан, заңды немесе жеке тұлғалардан өтеусіз алынған негізгі құралдар келешек кезеңдердің кірістері (гранттары) ретінде оларды алу күніне әділ құны бойынша танылады. Келешек кезеңдердің кірістері солардың ішінде тиісті амортизация есептелетін бір немесе одан да көп есепті кезеңдердің кірістеріне бөлінеді.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Кірістер мен шығыстарды тану (жалғасы)**

*Пайыздық кіріс*

Амортизациялық құны және қолда бар сатуға арналған ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бағаланатын барлық қаржы құралы бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып танылады, ол күтіліп отырған болашақ төлемдері немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде ақша қаражаттың түсуін немесе, егер бұл орынды болса, қаржы активінің таза баланстық құнына немесе міндеттемеге дейін шамалы кезеңге дәл шегереді.

Пайыздық кіріс жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте қаржылық кірістер құрамына енгізіледі.

*Шығыстар*

Шығыстар тиісті тауарларды немесе қызметтерді нақты алу сәтіне, ақша қаражаты немесе олардың баламалары қашан төленгеніне қарамастан ескеріледі және шоғырландырылған қаржылық есептілікте олар жататын кезенде көрсетіледі.

*Дивидендтер*

Топтың төлемді алуға арналған құқығы белгіленгенде дивидендтерден түскен кіріс танылады, бұл әдетте, акционерлер дивидендтерді бекіткенде болады.

**Қарыздар бойынша шығындар**

Жіктелетін активті сатып алуға, оның құрылысына немесе өндірісіне тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар осындай активтің баланстық құнының бір бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша өзге де шығындар туындаған сәттегі шығыстар ретінде танылады.

Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Топ қарызға алынған қаражатпен байланысты шеккен басқа да шығындар жатады.

**Қызметкерлерге сыйақы**

Топ өз қызметкерлеріне Директорлар кеңесі бекіткен Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау туралы ұжымдық шартқа сәйкес ұзақ мерзімді сыйақыны ұсынады. Ережеде, атап айтқанда, демалыс күндеріне жәрдемақыларды; зейнеткердің немесе оның ерінің/зайыбының қайтыс болуына байланысты жәрдемақыларды; сауықтыруға арналған материалдық көмекті және санаторийге арналған жолдаманың құнын төлеу көзделген. Мұндай төлемдерді алу құқығының күші әдетте қызметкердің зейнет жасына жетуі шартымен болады.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген сыйақымен зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарийлік пайда мен залал басқа да жиынтық кірістер мен зияндар құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарийлік пайда мен залал актуарийлік болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарийлік болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмалардың бұрынғы тәжірибенің әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезенде танылады.

Міндеттемелерді есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл шегерім мөлшерлемесі мен қайтыс болуды болжау. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша дисконтты болдырмау жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығындар ретінде көрсетіледі. Қайтыс болуды болжау сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Осы сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады. Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Ағымдағы табыс салығы**

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтеледі немесе төленеді деп болжанатын сома бойынша бағаланады. Бұл соманы есептеу үшін Топ өзінің операциялық қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кірісті алатын елдерде есепті күнге қолданылған немесе нақты заңдастырылған салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы пайдаланылды.

Тікелей капитал құрамында мойындалған баптарға қатысты ағымдағы салық жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталда мойындалады. Топ басшылығы салық декларацияларында көрсетілген көрсеткіштерді бағалауды мезгіл-мезгіл жүзеге асырады, тиісті салық заңнамасы оларға қатысты әртүрлі түсінілуі мүмкін, сөйтіп қажет болуына қарай резервтер жасалады.

**Мерзімі ұзартылған салық**

Мерзімі ұзартылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер келесі жағдайларды қоспағанда, барлық салық салынатын уақытша айырмалар бойынша мойындалады:

- мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттеме бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміленің барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе зиянға ықпал етпейді; және
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға салынған инвестицияларға байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына және бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлестеріне қатысты, уақыт айырмаларын қалпына келтіру уақытын бақылау мүмкін болған жағдайлардан басқа, уақыт айырмасы таяу болашақта түзетілмейтіндігінің ықтималдығы бар.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық салынатын пайда бар дәрежеде танылады, оған қарсы шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары мына жағдайларды қоспағанда есептелуі мүмкін:

- есептен шығарылатын уақыт айырмасына қатысты мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер бизнесті біріктірудің салдарынан емес пайда болған және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды;
- еншілес ұйымдарға, ассоциацияланған компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлесімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық бойынша активтері уақыт айырмалары келешекте пайдаланылады және соған қарсы уақыт айырмалары қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтердің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, мерзімі ұзартылған салық бойынша активтердің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мерзімі ұзартылған салық бойынша мойындалмаған активтер әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда мұндай активтерді пайдалануға мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдылық пайда болатын дәрежеде мойындалады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер қабылданған немесе нақты қабылданған есепті күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде актив өткізіледі, ал міндеттеме өтеледі деген есепті жылда қолданатын болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе залал құрамында танылмаған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда немесе залал құрамында танылмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық зиянның құрамында немесе тікелей капиталда мойындалады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер бір біріне қарсы есепке алынады, егер олардың ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың заңды тұрғыдан бекітілген құқығы болса және мерзімі ұзартылған табыс салықтары бір салық салынатын Топқа және салық органына жататын болса.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)

**Өзге де салықтар**

Топ Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жалақының 11% бірыңғай мөлшерлемесі бойынша Қазақстан Республикасының бюджетіне әлеуметтік салықты төлейді.

Сондай-ақ Топ өз қызметкерлерінің жалақысынан 10% дейін ұстап қалады, бірақ олардың зейнетақы қорларына аударымдар ретінде 2015 жылы 160.230 теңгеден (2014 жылы: 140.793 мың теңге) артық емес. Заңнамаға сай зейнетақы аударымдары қызметкерлердің міндеттемесі болып табылады. Заңнамаға сәйкес қызметкерлер өздерінің зейнетақы қаражаты үшін жауапты болады және Топтың өз қызметкерлеріне олар зейнетке шыққан кезде сыйақыны төлеу міндеттемесі бар.

**Қосылған құн салығы (ҚҚС)**

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС өтеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Осылайша, өтелуге жататын ҚҚС, сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді.

*Төлеуге ҚҚС*

Сатып алушылардан дебиторлық берешек алынғаннан кейін ҚҚС салық органдарына төленуі тиіс. Есеп айырысуы есепті күнге жүзеге асырылған сатып алулар бойынша ҚҚС төленуге жататын сомадан есептен шығарылады.

Егер дебиторлық берешектің құнсыздануына резерв құрылса, құнсызданудан болған залал, ҚҚС сомасын қоса алғанда, берешектің барлық сомасына ескеріледі. ҚҚС бойынша тиісті міндеттеме салық салу мақсатында дебиторлық берешектен есептен шығарылғанға дейін есептілікте көрсетіледі.

*Өтелуге жататын ҚҚС*

Өтелуге жататын ҚҚС ҚҚС-пен сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша бухгалтерлік есепте көрсетіледі және егер ондайлар кірісті алу мақсатында пайдаланылса.

Әрбір есепті күнге өтелуге жататын ҚҚС шоты бойынша сома төленуге жататын ҚҚС шоты бойынша сомамен бірге есепке алынуы тиіс.

**Шартты активтер мен міндеттемелер**

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылмайды. Кірісті өткізу іс жүзінде мүмкін болғанда, тиісті актив шартты актив болып табылмайды және оның мойындалуы орынды болып табылады.

Шартты міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындалмайды. Олар егер экономикалық пайданы алуға байланысты ресурстардың ағып кету мүмкіндігі шамалы ықтимал болып табылмағанда ғана ашылады.

**Кейінгі оқиғалар**

Есепті күнге Топтың ережесі туралы қосымша ақпаратты ұсынатын жыл аяқталғаннан кейін болған оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Түзетуші оқиғалар болып табылмайтын жыл аяқталғаннан кейін болған оқиғалар олардың маңыздылығы болған кезде ескертпелерде ашылады.

**Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу**

Байланысты тараптарға Топтың негізгі басқарушы қызметкерлері, дауыс беру құқығының елеулі үлесі тікелей немесе жанама түрде Топтың негізгі басқарушы қызметкерлеріне, «ҚазМұнайГаз» тобының ұйымдарына, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» және Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын кәсіпорындарға тиесілі болатын ұйымдар кіреді.

**Монетарлық емес активтердің қатысуымен жалпы бақылау астындағы операциялар**

Топ монетарлық емес активтердің қатысуымен жалпы бақылау астындағы операцияларды әділ құны бойынша мойындайды, шартта көрсетілген сомаға қарамастан бизнесті біріктіру бойынша мәмілелерді қоспағанда, бұл ретте бұл сома мен әділ құн арасындағы айырма капиталда мойындалады.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін негізгі құралдардың қозғалысы былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Жер | Газ активтері | Ғимарат және құрылыстар | Газ көлік жүйесі | Жабдық | Көлік құралдары | Басқасы | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құны** | | | | | | | | | |
| **2013 жылғы 31 желтоқсан** | 1.473.889 | 27.121.070 | 42.990.477 | 242.007.655 | 170.993.672 | 21.998.938 | 7.725.379 | 62.185.782 | 576.496.862 |
| Түсімдер | 2.083 | 3.185.794 | 23.798.567 | 192.623.157 | 49.308.886 | 358.128 | 376.309 | 47.158.159 | 316.811.083 |
| ТМҚ-дан аударымдар | – | – | – | – | – | – | – | 5.889.856 | 5.889.856 |
| Материалдық емес активтерге аударымдар | – | (563) | – | – | – | – | – | (497.693) | (498.256) |
| Аударымдар | – | 63.221 | 5.127.760 | 48.273.444 | 22.174.482 | 446.338 | 209.473 | (76.294.718) | – |
| Шығулар | (16.645) | – | (14.606.625) | (57.148.306) | (66.245.609) | (353.854) | (279.421) | (276.183) | (138.926.643) |
| **2014 жылғы 31 желтоқсан** | 1.459.327 | 30.369.522 | 57.310.179 | 425.755.950 | 176.231.431 | 22.449.550 | 8.031.740 | 38.165.203 | 759.772.902 |
| Түсімдер | 7.965 | 3.485.538 | 605.358 | 13.265.680 | 257.557 | 494.586 | 897.169 | 81.046.332 | 100.060.185 |
| ТМҚ-дан аударымдар | – | – | – | 1.868.828 | – | – | 314 | 2.733.932 | 4.603.074 |
| Аударымдар | – | (262.019) | 2.453.278 | 50.104.095 | 15.548.494 | 450.326 | 176.821 | (68.470.995) | – |
| Шығулар | (7.450) | (480.915) | (127.124) | (3.229.162) | (348.225) | (1.252.289) | (245.192) | (82.669) | (5.773.026) |
| **2015 жылғы 31 желтоқсан** | **1.459.842** | **33.112.126** | **60.241.691** | **487.765.391** | **191.689.257** | **22.142.173** | **8.860.852** | **53.391.803** | **858.663.135** |
| **Жинақталған тозу және құнсыздану** | | | | | | | | | |
| **2013 жылғы 31 желтоқсан** | – | (5.449.024) | (8.171.981) | (52.540.620) | (53.978.828) | (11.185.954) | (3.492.125) | (936.525) | (135.755.057) |
| Аударымдар | – | (1.167.921) | (2.225.667) | (12.294.014) | (11.652.901) | (1.563.902) | (772.524) | – | (29.676.929) |
| Шығулар | – | – | 4.168.407 | 17.838.625 | 30.824.819 | 295.075 | 212.231 | – | 53.339.157 |
| Аударымдар | – | (43.891) | (19.131) | – | (2.070) | 6.851 | 58.241 | – | – |
| Құнсыздану | – | – | – | – | – | – | – | (794.395) | (794.395) |
| **2014 жылғы 31 желтоқсан** | – | (6.660.836) | (6.248.372) | (46.996.009) | (34.808.980) | (12.447.930) | (3.994.177) | (1.730.920) | (112.887.224) |
| Аударымдар | – | (915.678) | (2.165.333) | (11.673.948) | (8.769.470) | (1.304.273) | (730.731) | – | (25.559.433) |
| Шығулар | – | 10.729 | 38.163 | 3.182.934 | 186.673 | 1.129.703 | 225.009 | – | 4.773.211 |
| Аударымдар | – | 248.713 | 13.782 | 30.412 | (40.479) | (270.816) | 18.388 | – | – |
| Құнсыздану | – | – | – | – | (22.233) | – | – | (5.109.028) | (5.131.261) |
| **2015 жылғы 31 желтоқсан** | – | (7.317.072) | (8.361.760) | (55.456.611) | (43.454.489) | (12.893.316) | (4.481.511) | (6.839.948) | (138.804.707) |
| **Қалдық құны** | | | | | | | | | |
| **2014 жылғы 31 желтоқсан** | 1.459.327 | 23.708.686 | 51.061.807 | 378.759.941 | 141.422.451 | 10.001.620 | 4.037.563 | 36.434.283 | 646.885.678 |
| **2015 жылғы 31 желтоқсан** | **1.459.842** | **25.795.054** | **51.879.931** | **432.308.780** | **148.234.768** | **9.248.857** | **4.379.341** | **46.551.855** | **719.858.428** |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

### Түсімдер

2015 жылы Топ 13.375.258 мың теңге сомасына сенімгерлік басқару шарттары бойынша «Самұрық Қазына» ҰӘҚ АҚ-нан негізгі құралдарды алды, оның ішінде Батыс Қазақстан облысында 2.693.549 мың теңге сомасына, Атырау облысында 10.221.891 мың теңге сомасына, Актөбе облысында 38.807 мың теңге сомасына, Қостанай обылысында 224.917 мың теңге сомасына, Маңғыстау облысында 40.888 мың теңге сомасына және Алматы облысында 155.206 мың теңге сомасына орналасқан газ құбырлары мен ғимараттар *(13-ескертпе)*.

2015 жылдың ішінде аяқталмаған құрылысқа түсімдер негізінен Қызылорда облысын 21.778.109 мың теңге сомаға газбен жабдықтаумен; 22.088.607 мың теңге сомаға магистральды газ құбырларын күрделі жөндеумен; 16.248.902 мың теңге сомаға газды бөлу желілерін түрлендірумен; 4.723.230 мың теңге сомаға резервтік және апаттық электр станцияларын ауыстыру жұмыстарымен; 2.795.445 мың теңге сомаға жол бойындағы жоғары вольтты желілерді күрделі жөндеумен; 1.014.767 мың теңге сомаға Жекпе-жек сарайын салумен; 923.423 мың теңге сомаға Қарағанды бассейнінің Шерубайнұр учаскесінде көмір пластарының метанын барлау жұмыстарын орындаумен және басқа да күрделі құрылыспен әрі күрделі сипаттағы түрлендірумен білдірілген.

2015 жылы Топ жергілікті билік органдары мен өзінің тұтынушыларынан 565.140 мың теңге (2014 жылы: 370.138 мың теңге) сомасына негізгі құралдарды өтеусіз алды.

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Топ 207.115.481 мың теңге жалпы сомада қосымша төленген капитал ретінде газ көлік жүйесінің активтерімен білдірілген негізгі құралдарды алды, әрі оған Үкіметке берілген күрделі жөндеу шығыстары мен жақсартулар кіреді *(13-ескертпе)*.

2014 жылдың ішінде 47.158.159 мың теңге жалпы сомаға аяқталмаған құрылыс негізінен 12.927.511 мың теңге жалпы сомаға Оңтүстік Қазақстанда, Жамбыл және Атырау облыстарында газ құбырларын тартуға және жаңартуға қатысты шығындарды; сондай-ақ 3.465.334 мың теңге сомаға магистральды газ құбырларын күрделі жөндеу жұмыстарын; 2.279.296 мың теңге сомаға резервтік электр станцияларын ауыстыруды; 1.019.404 мың теңге сомаға компрессорлық станцияларды күрделі жөндеуді және басқа да күрделі құрылыс пен жақсартуларды білдіреді.

2014 жылы «ҚазМұнайГаз» Топқа 17.189.465 мың теңге жалпы сомаға жоғары, орта және төмен қысымды газ құбырларын берді, олардың ішінде – 7.735.383 мың теңге сомаға Батыс Қазақстан облысында, 2.605.311 мың теңге сомаға Жамбыл облысында, 1.455.453 мың теңге сомаға Ақтөбе облысында, 5.393.318 мың теңге сомаға Қостанай облысында орналасқан газ құбырларын берді *(13-ескертпе)*.

2014 жылғы 28 қарашада Топ және «ҚазМұнайГаз» 1.335.937 мың теңге сомасына Қостанай облысында орналасқан газ құбырларын сенімгерлік басқару шартын жасады *(13-ескертпе)*.

### Аударымдар

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайдалануға 68.470.995 мың теңге жалпы сомаға аяқталмаған құрылыс нысандары берілді. Бұл соманың едәуір бөлігін 20.612.506 мың теңге сомада Қызылорда облысын газбен жабдықтауды ішінара аяқтау, 20.197.686 мың теңге сомада газды бөлу желілерін салуды және түрлендіруді аяқтау, 8.023.248 мың теңге сомада МГ САЦ-5 магистральды газ құбырын будан оқлаушау; 5.982.166 мың теңге сомада резервтік және апаттық электрстанцияларын ауыстыру; 1.916.245 мың теңге сомада резервтік газ құбырын салу және қосу және т.б. құрайды.

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайдалануға 76.294.718 мың теңге жалпы сомаға нысандар берілді. Бұл соманың елеулі бөлігін 12.291.216 мың теңге жалпы сомаға газ құбырларын салу; 9.529.349 мың теңге жалпы сомаға «Союз» МГ мен «Лупинг САЦ-4» МГ газ-құбыры-бөгетін салу; 8.103.571 мың теңге сомаға магистральды газ құбырларын күрделі жөндеу жұмыстары; 3.622.439 мың теңге сомаға УМГ-да реверстік газ құбыры-бөгетін салу және қосу; 3.408.608 мың теңге сомаға компрессорлық станцияларды күрделі жөндеу жұмыстары құрайды.

### Құнсыздану

2015 жылдың ішінде Топ 3.634.915 мың теңге сомада «Батыс-Солтүстік-Орталық» магистральды газ құбырын салу; 1.027.134 мың теңге сомада Астанада Жекпе-жек сарайын салу (2014 жыл: 627.720 мың теңге); және 446.979 мың теңге сомада аяқталмаған құрылыстың басқа да объектілерін салу жөніндегі жобалық-сметалық құжаттаманың құнсыздануы бойынша резервті есептеді.

## 4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

### Басқасы

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4.208.567 мың теңге мөлшеріндегі барлау және бағалау активтері аяқталмаған құрылыс құрамына қосылды (2014 жылғы 31 желтоқсан: 2.491.396 мың теңге).

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толығымен тозуы есептелген, бірақ пайдаланудағы негізгі құралдардың бастапқы құны 14.155.153 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсан: 17.269.075 мың теңге) болды.

## 5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2014 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілікте үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін келесі бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестері болды:

| Атауы | Тіркелген жері | Негізгі қызмет | Үлес, % 2015 жылғы 31 желтоқсан | Үлес, % 2014 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| «Азиялық газ құбыры» ЖШС («АГҚ») | Қазақстан | Қазақстан – Қытай газ құбырын салу және пайдалану | 50% | 50% |
| «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС («БШГ») | Қазақстан | Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу және пайдалану | 50% | 50% |
| «АвтоГаз» ЖШС («АГ») | Қазақстан | Автогазтолтыру компрессорлық станцияларды ұйымдастыру, пайдалану, салу және қызмет көрсету | 50% | 50% |
| «ҚазТрансГаз АГ» («ҚТГ АГ») | Швейцария | Электрэнергиясын өндіру бойынша кәсіпорындарды әзірлеу және салу, электрэнергиясын және көмірсутекті шикізатты өндіру, бөлу және сату | – | 50% |

Елеулі бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар туралы жалпылама қаржылық ақпарат төменде келтірілген:

### АГП

Келесі кестеде Топтың АГҚ-ға салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есеп** | | |
| Ағымдағы активтер | **531.354.507** | 309.420.744 |
| Ұзақ мерзімді активтер | **1.787.810.892** | 1.499.250.376 |
| Ағымдағы міндеттемелер | **(324.643.892)** | (184.776.698) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | **(2.866985.037)** | (1.656541.408) |
| **Капитал** | **(872.463.530)** | (32.646.986) |
| Топқа иелік етудің пропорционалды үлесі | **50%** | 50% |
| **Инвестицияның баланстық құны** | **–** | – |
| **Бірлескен кәсіпорынның кірістері мен таза залалы** | | |
| Бір жылғы таза шығын | **(843.279.998)** | (81.151.596) |
| **Есепті жыл үшін таза залалдағы Топтың үлесі** | **–** | (23.308.569) |
| Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс | **3.463.453** | 783.383 |
| **Есепті жыл үшін басқа да жиынтық кірістегі Топтың үлесі** | **–** | 391.692 |

2008 жылғы 15 ақпанда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салуда және пайдалануда ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Топтың 50% қатысуымен және «Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited» 50% қатысуымен АГҚ бірлескен кәсіпорны құрылды. 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына АГҚ жарғылық капиталы 1.200.000 мың теңге болды, олардың 600.000 мың теңге сомасын Топ төледі.

2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Топтың таза шығындағы үлесі 419.908.273 мың теңге (2014 жылы: 40.575.798 мың теңге) болды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АГП қаржы нәтижесіндегі жинақталған мойындалмаған үлесі 436.231.765 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсан: 16.323.493 мың теңге) болды.

## 5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

### БШГ

Келесі кестеде Топтың БШГ-ға салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есеп** | | |
| Ағымдағы активтер | 20.300.668 | 31.178.242 |
| Ұзақ мерзімді активтер | 391.162.216 | 330.271.964 |
| Ағымдағы міндеттемелер | (114.170.382) | (46.215.736) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | (358.594.630) | (200.148.532) |
| **Капитал** | (61.302.128) | 115.085.938 |
| Топқа иелік етудің пропорционалды үлесі | 50% | 50% |
| **Инвестицияның баланстық құны** | – | 57.542.969 |
| **Бірлескен кәсіпорынның кірістері мен таза залалы** | | |
| Бір жылғы таза шығын | (182.581.500) | (27.721.852) |
| **Есепті жыл үшін таза залалдағы Топтың үлесі** | (60.432.677) | (13.860.926) |
| **Қосымша инвестиция** | | |
| Берілген қарыздың бастапқы мойындалуынан болған дисконт | 5.779.416 | 2.270.034 |
| **Берілген қарыздың бастапқы мойындалуынан болған дисконтта Топ үлесі** | 2.889.708 | 1.135.017 |

2011 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салуда және пайдалануда ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Топтың 50% қатысуымен және «Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited» 50% қатысуымен БШГ бірлескен кәсіпорны құрылды. 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына БШГ жарғылық капиталы 145.430.000 мың теңге болды, олардың 72.715.000 мың теңге сомасын Топ төледі.

2012 жылы Компания 36.831.322 мың теңге мөлшерінде БШГ-ға пайызсыз қарыз берді, әрі оның әділ құны 31.051.906 мың теңге болды (2014 жыл: 26.000.271мың теңге және тиісінше 23.730.237 мың теңге). Компания 5.779.416 мың теңге (2014 жыл: 2.270.034 мың теңге) сомада берілген пайызсыз қарыз бойынша дисконт сомасында БШГ-дағы қосымша инвестицияны мойындады.

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы Топтың БШГ-дағы таза шығындағы үлесі 91.290.750 мың теңге болды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша БШГ қаржы нәтижесіндегі жинақталған мойындалмаған үлесі 30.651.064 мың теңге болды.

### АГ

Келесі кестеде Топтың АГ-ға салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есеп** | | |
| Ағымдағы активтер | 290.388 | 339.444 |
| Ұзақ мерзімді активтер | 1.760.717 | 1.817.538 |
| Ағымдағы міндеттемелер | (510.687) | (479.948) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | – | – |
| **Капитал** | 1.540.418 | 1.677.034 |
| Топқа иелік етудің пропорционалды үлесі | 50% | 50% |
| **Инвестицияның баланстық құны** | 770.209 | 838.517 |
| **Бірлескен кәсіпорынның кірістері мен таза залалы** | | |
| Бір жылғы таза шығын | (136.616) | (22.218) |
| **Есепті жыл үшін таза залалдағы Топтың үлесі** | (68.308) | (11.109) |

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 6. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар** | | |
| Үшінші тараптарға берілген аванстар | **15.984.978** | 18.986.201 |
| Минусы: ықтимал орындалмау резерві | **(275.487)** | (221.055) |
| | **15.709.491** | 18.765.146 |
| **Ағымдағы активтер мен қызметтер үшін берілген аванстар** | | |
| Үшінші тараптарға берілген аванстар | **3.161.532** | 3.219.635 |
| Байланысты тараптарға берілген аванстар *(30-ескертпе)* | **–** | 841.244 |
| Минусы: ықтимал орындалмау резерві | **(675)** | – |
| | **3.160.857** | 4.060.879 |

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күрделі жөндеу мен құрылыс жұмыстарын жасауға бөгде ұйымдарға берілген аванстарға негізінен «СП Союзкомплект» ЖШС-не магистральды газ құбырларын өткізу бойынша құрылыс жұмыстары үшін берілген 6.118.532 мың теңге сомадағы (2014 жылғы 31 желтоқсан: нөл теңге), «ДС-ТАС» ЖШС-не «Бозой» ПХГ-да газды кептіру қондырғысын салуға берілген 3.900.295 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсан: 1.560.118 мың теңге), «СК Строй Контракт» ЖШС-не Астанада Жекпе-жек сарайын салуға берілген 3.544.722 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсан: 1.388.562 мың теңге), «Ремстрой-XXI» ЖШС-не магистральды газ құбырларын жөндеу бойынша құрылыс жұмыстары үшін берілген 1.204.772 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсан: нөл теңге) сомадағы аванс кіреді.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы активтер мен қызметтер үшін байланысты тараптарға берілген аванстарға негізінен Топ «Теңізшевройл» ЖШС-тің пайдасына 2016 жылы құрғақ газды жеткізгені үшін берген 2.810.294 мың теңге сомадағы (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 3.170.142 мың теңге) аванс жатады.

### 7. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Газ қорлары | **33.274.429** | 13.812.363 |
| Материалдар және қорлар | **4.729.230** | 11.148.789 |
| | **38.003.659** | 24.961.152 |
| Минусы: ескірген және өтпейтін тауар-материалдық қорларға резервті | **(706.210)** | (273.165) |
| | **37.297.449** | 24.687.987 |

Материалдар мен қорларға, негізінен, газ көлік жүйесіне техникалық қызмет көрсетуге арналған қосалқы бөлшектер, газ көлік жабдығында пайдалануға арналған метанол мен майлау материалдары және ішкі пайдалануға арналған тауарлар кіреді. Газ қорларына жағар газ және сатуға арналған газ кіреді.

### 8. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі | **49.309.990** | 48.863.813 |
| Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі *(30-ескертпе)* | **20.644.086** | 17.328.071 |
| Басқа да дебиторлық берешек | **846.282** | 915.466 |
| | **70.800.358** | 67.107.350 |
| Минусы: күмәнді борыштар бойынша резерв | **(5.074.691)** | (4.073.370) |
| | **65.725.667** | 63.033.980 |

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дебиторлық берешектің 20% «Газпром» тобы компанияларының газ транзиті мен газ экспорты үшін берешегін құрады (2014 жылдың 31 желтоқсанына: 42%).

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 8. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)

Күмәнді борыштар бойынша резервтегі өзгерістер былайша берілген:

| *Мың теңгемен* | Дербес негізде құнсызданған |
|---|---|
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына** | (2.871.059) |
| Бір жылғы аударымдар | (1.330.680) |
| Пайдаланылды | 571.336 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | (444.290) |
| Қалпына келтірілгені | 1.323 |
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға** | (4.073.370) |
| Бір жылғы аударымдар | **(2.969.440)** |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | **(1.558.130)** |
| Пайдаланылды | **195.714** |
| Қалпына келтірілгені | **3.330.536** |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | **(5.074.691)** |

31 желтоқсанда өтеу мерзімдері бойынша сауда және басқа да дебиторлық берешекті талдау былайша берілген:

| *Мың теңгемен* | Жиыны | Мерзімі өтлеген және құнсыздан-баған | Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | <30 күн | 30-60 күн | 60-90 күн | 90-120 күн | <120 күн |
| **2015 жыл** | **65.725.667** | **50.113.605** | **986.021** | **6.346.012** | **4.468.059** | **90.561** | **3.721.409** |
| 2014 жыл | 63.033.980 | 34.790.091 | 11.692.888 | 4.118.381 | 681.194 | 383.741 | 11.367.685 |

### 9. ӨТЕЛУГЕ ЖАТАТЫН САЛЫҚТАР

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Өтелуге жататын ҚҚС: ағымдағы бөлік | **10.945.698** | 14.504.686 |
| Мүлікке салынатын салық | **154.757** | 109.806 |
| Өтелуге жататын өзге де салықтар | **158.108** | 421.098 |
| | **11.258.563** | 15.035.590 |

### 10. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРҒА БЕРІЛГЕН ПАЙЫЗСЫЗ ҚАРЫЗДАР

2015 және 2014 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздарға мыналар кірді:

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар *(30-ескертпе)* | **62.934.522** | 26.206.131 |
| Минусы: дисконт | **(1.835.853)** | (778.728) |
| | **61.098.669** | 25.427.403 |

2014 жылғы 14 наурыз бен 18 желтоқсанда Компания «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырын салу» жобасының екінші кезеңін салуға кажетті қызмет көрсетушілер мен матерналдарды жеткізушілердің алдындағы ағымдағы берешекті өтеу үшін тиісінше 15.800.000 мың теңге және 10.200.271 мың теңге сомасында екі траншпен БШГ-ға пайызсыз қарыз берді. 2015 жылдың ішінде Компания 36.831.322 мың теңге сомасында ГШБ-ға қосымша пайызсыз қарыз берді. 2015 жылы Компания бірлескен кәсіпорынға салынған инвестициялар сомасаны балама келетін 5.779.416 мың теңге сомасында бастапқы мойындаудан болған дисконтты мойындады (2014 жыл: 2.270.034 мың теңге). 2015 жылғы дисконт амортизациясы 4.722.291 мың теңге (2014 жыл: 1.491.304 мың теңге) болды.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 11. БАНКТІК САЛЫМДАР

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Өтеу мерзімі бір жылдан артық болатын теңгемен банк салымдары | **6.088.059** | 6.718.910 |
| Өтеу мерзімі бір жылдан артық болатын АҚШ долларындағы банк салымдары | **–** | 31.007.488 |
| | **6.088.059** | 37.726.398 |
| Минусы: пайдалануға шектелген ақша қаражаты | **(6.048.059)** | (4.178.146) |
| **Ұзақ мерзімді банк салымдары** | **40.000** | 33.548.252 |
| Өтеу мерзімі үш айдан артық, бірақ бір жылдан кем болатын АҚШ долларындағы банк салымдары | **6.962.699** | 7.640.521 |
| Өтеу мерзімі үш айдан артық, бірақ бір жылдан кем болатын теңгемен банк салымдары | **5.586.858** | 15.849.777 |
| **Қысқа мерзімді банк салымдары** | **12.549.557** | 23.490.298 |

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салымдар теңгемен жылдық 1-14% (2014 жылғы 31 желтоқсан: жылына 3,5-9,5%) және шетел валютасында жылына 4,5-9% (2014 жылғы 31 желтоқсан: жылына 4,5-9%) пайыздық мөлшерлемесімен банктерде 3 (үш) айдан 2 (екі) жылға дейінгі түрлі мерзімдерге орналастырылды.

2015 жылдың 31 желтоқсанына Топтың «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-да 5.446.986 мың теңге мөлшерінде пайдалануда шектелген депозиттік шоттыра болды. Бұл депозиттер Топ қызметкерлерінің қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде ашылды (2014 жылғы 31 желтоқсан: 3.988.482 мың теңге).

## 12. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Шетел валютасында банктердегі шоттар | **7.982.226** | 1.139.208 |
| Теңгемен банктердегі шоттар | **5.655.877** | 3.455.902 |
| Шетел валютасындағы салымдар | **4.171.008** | – |
| Теңгемен салымдар | **1.728.976** | – |
| Жолдағы ақша | **38.602** | 24.165 |
| Кассадағы қолма-қол ақша | **1.893** | 12.497 |
| | **19.578.582** | 4.631.772 |

Қысқа мерзімді салымдар Топтың ақша қаражатындағы шұғыл мұқтаждықтарына орай бір күннен үш айға дейінгі түрлі мерзімдерге салынады және солар бойынша сыйақы 2015 жылдың 31 желтоқсанына 0,19%-дан бастап 2%-ға дейінгі мөлшерде (2014 жылғы 31 желтоқсан: 0,19%-дан 2%-ға дейін) орташа алынған пайыздық мөлшерлеме бойынша есептеледі.

## 13. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

| | Айналысқа шығарылған жай акциялар (акциялар саны) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Номиналды құны 100 теңге** | **Номиналды құны 138 теңге** | **Номиналды құны 2.500 теңге** | **Номиналды құны 10.000 теңге** | **Жарғылық капитал, мың теңгемен** |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | **312.167.670** | **1** | **30.976.655** | **7.099.677** | **179.665.175** |
| 2014 жылғы 31 желтоқсан | 312.167.670 | 1 | 30.976.655 | 5.438.147 | 163.039.875 |

Жай акциялар олардың иелеріне акционерлердің Жалпы жиналысының құзыреті шегінде барлық мәселелер бойынша дауыс беру құқығын береді. Жай акциялар бойынша дивидендтер Акционерлердің қарауына қарай төленеді. 2015 және 2014 жылдары Топ дивидендтерді төлеген жоқ.

2014 жылдың ішінде Топ әрқайсысының номиналды құны 10.000 теңге болатын 1.902.822 жай акцияны шығарды. Акцияларды Топтың Жалғыз Акционері сатып алып, 17.189.465 мың теңге әділ құнымен негізгі құралдармен төледі. Шығарылған жай акциялардың сомасы мен алынған негізгі құралдардың әділ құны арасындағы айырма 1.838.755 мың теңге сомасында Акционермен жасалған Басқа да операциялар ретінде танылды *(4-ескертпе)*.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 13. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ (жалғасы)

2015 жылдың ішінде Компания әрқайсысының номиналды құны 10.000 теңге болатын 1.661.530 жай акцияны шығарды. Акцияларды Топтың Жалғыз Акционері сатып алды және 11.427.285 мың теңге сомасындағы ақша қаражатымен, 3.751.420 мың теңге сомаға «Астана Газ ҚМГ» АҚ 100%-дық жай акциялармен, 185 мың теңге сомаға «Кансу-Оперейтинг ҚМГ» ЖШС-тегі 100% қатысу үлесімен және 1.436.410 мың теңге сомаға Қостанай облысында жоғары, орта және төмен қысымды газ құбырларын алумен төленді. Бұл құбырлар Топқа 2014 жылы 1.335.937 мың теңге мөлшерінде қосымша төленген капиталға салым ретінде сенімгерлік басқару шарты бойынша берілді *(4-ескертпе)*.

### Қосымша төленген капитал

2014 жылғы 12 қыркүйекте «ҚазМұнайГаз» өтімділік көрсеткіштерін жақсарту үшін Топқа жылдық 4,1%-бен 14.881.897 мың теңге сомасында ұзақ мерзімді қаржыландыруды ұсынды. Бұл қарыз 2024 жылғы 12 қыркүйекке дейін төленуі тиіс. Тиісінше, қарыз 7.009.567 мың теңге сомасына қосымша төленген капитал құрамында дисконтты мойындай отырып 7.872.330 мың теңге мөлшерінде әділ құны бойынша көрсетілді *(16-ескертпе)*.

2014 жылдың ішінде Топ қосымша төленген капиталдың құрамында Жалғыз Акционерден Компанияға Қостанай облысындағы жоғары, орта және төмен қысымды газ құбырларын сенімгерлік басқаруға берумен байланысты 1.335.937 мың теңге мөлшеріндегі соманы мойындады *(4-ескертпе)*.

2014 жылғы 4 желтоқсанда «Интергаз Орталық Азия» АҚ, Топтың еншілес ұйымы мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің арасында Концессия шартын бұзу туралы келісімге қол қойылды. Бұзу туралы келісімнің талаптарына сай Топ 83.176.682 мың теңге сомаға концессиялық активтерге жататын күрделі жөндеу және жақсарту бойынша жинақталған шығындарды Үкіметке береді.

Сондай-ақ, 2014 жылғы 5 желтоқсанда «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Самұрық-Қазына»-мен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті арқылы Үкіметпен 207.115.481 мың теңге жалпы сомаға магистральды газ құбырларын сенімгерлік басқару шартын жасады *(4-ескертпе)*.

2015 жылы Топ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-нан 13.375.258 мың теңге мөлшерінде сенімгерлік басқаруға газ көлік активтерін алды, әрі оларға Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Маңғыстау, сондай-ақ Алматы облыстарында орналасқан газ құбырлары мен ғимараттар кіреді *(4-ескертпе)*.

Сенімгерлік басқару шарты Топқа бұл газ құбырларына меншік құқығы берілгенге дейін қолданылатын қысқа мерзімді тетік болып табылады. Топ мұндай активтердің тікелей пайдаланушысы болып табылады және Сенімгерлік басқару шартына сәйкес бұл газ көлік жүйесінің активтеріне иелік етуге байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды алды. Тиісінше, Топ мұндай газ құбырлары мен газ көлік жүйесінің түскен активтерін және қосымша төленген капиталдың тиісті ұлғаюын мойындады.

2015 жылдың ішінде Топ қосымша төленген капиталдың құрамында «ҚазМұнайГаз» 2.888.922 мың теңге мөлшерінде берген пайызсыз қаржылай көмек бойынша дисконтты мойындады.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 14. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына шығарылған борыштық бағалы қағаздарға мыналар кіреді:

| *Мың теңгемен* | Шығару | Өтеу мерзімі | Пайыздық мөлшерлеме | 2015 жыл | | 2014 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | АҚШ Доллары | Мың теңгемен | АҚШ Доллары | Мың теңгемен |
| ИОА облигациялары The Bank of New York Mellon | 2007 жыл | 2017 жыл | 6,375% | 270.000.000 | 91.656.900 | 540.000.000 | 98.469.000 |
| «ҚТГ Аймақ» облигациялары | 2014 жыл | 2018 жыл | 7,5% | – | 8.629.170 | – | 8.629,170 |
| «ҚТГ Аймақ» облигациялары | 2015 жыл | 2025 жыл | 7,5% | – | 5.000.000 | – | – |
| | | | | | 105.286.070 | | 107.098.170 |
| Плюсы: төленуге жататын сыйақы | | | | | | | |
| Минусы: мәміле бойынша амортизацияланбаған шығындар | | | | | 840.870 | | 1.125.707 |
| Минусы: дисконт | | | | | (91.907) | | (306.580) |
| Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома | | | | | (941.756) | | (144.483) |
| **12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар** | | | | | (840.870) | | (1.125.707) |
| | | | | | 104.252.407 | | 106.647.107 |

2011 жылғы карашада «Интергаз Файнанс Б.В.» 2007 жылғы мамырда шығарылған Еурооблигациялар бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелерді ИОА-ға аударды. Осылайша, ИОА және «Интергаз Файнанс Б.В.» 2017 жылғы мамырда өтеу мерзімімен 540.000.000 АҚШ доллары сомасында топішілік қарыз бойынша есеп айырысты. 2011 жылғы карашадан бастап ИОА 2007 жылғы мамырда шығарылған Еурооблигациялардың эмитентіне айналды. Кейіннен, мұндай борыштық міндеттемелер ҚҚБ-да тіркелді.

2015 жылғы 25 қарашада Топ номиналды соманың 104% бағасы бойынша 270.000.000 АҚШ доллары сомасында еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеді. Топ облигацияларды ұстаушыларға 281.325.938 АҚШ доллары (немесе 86.457.087 мың теңге) мөлшерінде ақша қаражатын, оның ішінде 11.325.938 АҚШ доллары (немесе 3.480.687 мың теңге) мөлшерінде сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйлықақыны және купон бойынша есептелген пайыздарды аударды.

2015 жылы Топ ҚҚБ-да 30.500.000 мың теңге сомаға орта мерзімді облигациялық бағдарламаның шеңберінде жалпы көлемі 5.000.000 мың теңге болатын халықаралық облигацияларды орналастырды, әрі бір қағаздың номиналды құны 50.000 мың теңге. *«Бағалы қағаздар туралы»* АҚШ Заңының S ережесінің форматындағы облигациялар жылдық 7,5% купон мөлшерлемесімен шығарылды, купонды төлеу кезеңділігі әр жылдың 29 наурызы мен 29 қыркүйегі аралығы 2025 жылдың 29 қыркүйегіне дейін, айналу мерзімі 10 (он) жыл. Облигацияларға «BBB-(EXP)» (Fitch Ratings) рейтингісі берілді.

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру, сондай-ақ 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде алынған қарыздарды қайта қаржыландыру мақсатында ҚҚБ-да саны 8.629.170 дана, бір облигация үшін номиналды құны 1.000 теңге, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 7,5% болатын және купондарды төлеу кезеңділігі 2018 жылға дейін жыл сайын 27 маусым және 27 желтоқсан болатын Топтың облигациялары орналастырылды. Сатып алушы үшін облигациялар бойынша кірістілік жылдық 8,2% тең. Орналастырылған облигациялар бойынша түскен сома 8.495.502 мың теңгені құрады.

## 15. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздық қарыздарға мыналар кірді:

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар | 15.500.479 | 76.777.496 |
| Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар | 30.292.055 | 28.630.793 |
| | 45.792.534 | 105.408.289 |
| Минусы: мәміле бойынша амортизацияланбаған шығындар | (303.526) | (610.118) |
| Плюсы: төленуге жататын сыйақы | 394.461 | 536.912 |
| | 45.883.469 | 105.335.083 |
| Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома | (17.571.534) | (86.334.449) |
| **12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар** | 28.311.935 | 19.000.634 |

### Құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар

*«VTB Bank» тобы*

2014 жылғы 13 наурызда ВТБ Банк (Австрия) АГ, ВТБ Банк (Германия) АГ және Компания арасында Либор + Банк маржасы (2,2%) мөлшерлемесі бойынша, 6 айға өтеу мерзімімен және 6 айға ұзарту мүмкіндігімен 250.000 млн. АҚШ доллары мөлшерінде Несие желісін беру туралы шартқа қол қойылды. Пайыздардың төленуі тоқсан сайынғы негіздегі келісіммен көзделген. 2014 жылғы 26 наурызда Компания 250.000 мың доллар (баламасы 45.504.994 мың теңге) жалпы сомада қаржыландыруды алды. Компания қарызды бастапқы өтеу мерзімін 2015 жылғы 26 наурызға дейін ұзартты. Қарыз келісіміне сәйкес Компания оның ұйымдастырылуы үшін комиссия ретінде қарыз сомасының 1,35%-ын екі рет төледі, бірінші төлем қарызды алғаш рет алған кезде, ал екіншісі оны 6 (алты) айға ұзарту сәтіне жасалды. 2015 жылы Компания 46.337.500 мың теңге (баламасы 250.000 АҚШ доллары) сомасында негізгі борышты және 285.778 мың теңге мөлшерінде есептелген пайыздарды өтеді.

*«Natixis», «ING Bank, a branch of ING-DiBa AG», «Citibank N.A., London branch»*

2015 жылғы 26 ақпанда Компания мен «Natixis» (Франция), «ING Bank, a branch of «ING-DiBa» AG» (Германия), «Citibank N.A., London branch» (Ұлыбритания) (бұдан әрі бірлесіп – Синдикат деп аталады) арасында 3 (үш) жыл мерзімге, Либор + Синдикат Маржасы (1,5%) пайыздық мөлшерлемемен 400 миллион АҚШ доллары мөлшерінде несие желісін беру туралы Несие шартына қол қойылды. Несие шартында пайыздарды тоқсан сайынғы негізде төлеп отыру көзделген. 2015 жылғы 12 наурызда Компания 74.480.000 мың теңге (баламасы 400.000.000 АҚШ доллары) жалпы сомада қаржыландыруды алды. Несие шартында көзделген іріктеу туралы сұратуға сәйкес жоғарыда аталған сома Синдикатқа және мәмілеге қатысқан басқа да тараптарға тиесілі қаржыландыруды ұйымдастырғаны үшін соманы шегере отырып алынды, сондай-ақ «VTB Bank» тобының алдында 46.337.500 мың теңге мөлшерінде (баламасы 250.000.000 АҚШ доллары) тікелей өтелген берешек алынды. 1.005.113 мың теңге (баламасы 5.364.183 АҚШ доллары) мөлшеріндегі ұйымдастыру жарнасын Синдикат қарыз шарты бойынша есептен шығарды. 2015 жылғы желтоқсанда Компания 123.648.000 мың теңге (баламасы 400.000.000 АҚШ доллары) сомасында бұл қарызды және 1.367.779 мың теңге (баламасы 5.530.692 АҚШ доллары) сомасында есептелген сыйақыны толығымен өтеді.

*«Citibank, N.A.Nassau» және «Ситибанк Қазақстан»*

2015 жылы әрбір тартылған траншты игеру күнінен бастап 12 (он екі) айдан артық емес мерзімге 3 айлық Либор + 2% мөлшерлемесі бойынша 200 миллион АҚШ долларына дейінгі лимитпен қысқа мерзімді несиелер туралы Бас келісімге сәйкес «Citibank, N.A Nassau, Bahamas Branch» (Багам Аралдарының Ынтымақтастығы) және «Ситибанк Қазақстан» АҚ айналым капиталын толықтыру мақсатында Компанияға 32.341.735 мың теңге (баламасы 174.200.000 АҚШ доллары) жалпы сомада бірнеше траншпен қосымша қаржыландыруды берді. 2015 жылдың ішінде Компания 65.092.014 мың теңге (баламасы 277.700.000 АҚШ доллары) сомасында негізгі борышты және 545.723 мың теңге (баламасы 2.377.851 АҚШ доллары) сомасында пайыздық сыйақыны толығымен өтеді. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның «Citibank, N.A.Nassau» мен «Ситибанк Қазақстан» алдында 12.560.390 мың теңге (баламасы 37.000.000 АҚШ доллары) (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 25.620.175 мың теңге, баламасы 140.500.000 АҚШ доллары) сомасында берешегі болды.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 15. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

### Құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар (жалғасы)

*«HSBC Bank Plc»*

2005 жылғы 15 тамыздағы несиелік келісімге сәйкес «Trinkaus & Burkhardt KGAA» және «CITI Group Global Markets Deutschland AG & CO.KGAA» ИОА-ға доллардағы баламамен 44.763.860 еуро сомасында қарыз берді, бұл «MAN TURBO AG» мен ИОА арасында жасалған Маңғыстау облысында «Опорная ГП «САЦ» компрессорлық станцияны әзірлеуге, жабдықты жеткізуге және салуға арналған Бас келісім құнының бір бөлігін білдіреді. Бұл несиелік келісімге сәйкес «HSBC Bank Plc» қаржы Агенті болып табылады. Несие келісімінің шарттарына сәйкес осы қарыз бойынша барлық төлемдер АҚШ долларында жасалады. ИОА бұл қарызды 2007 жылғы 30 қыркүйектен бастап 20 (жиырма) бірізді тең жартыжылдық төлемдермен төлеп отыр. Сыйақы жылдық 0,3% қоса алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеледі және жартыжылдық төлемдермен төленеді. Қосымша ИОА көрсетілген қарыздың пайдаланылмаған сомасына есептелетін жылына 0,1% мөлшеріндегі міндеттеме үшін комиссияны төлейді. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ИОА-ның HSBC Bank Plc алдында 2.940.089 мың теңге (баламасы 8.660.820 АҚШ доллары) (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 2.632.168 мың теңге, баламасы 14.434.701 АҚШ доллары) сомасында берешегі болды.

### Тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар

*«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ*

2015 жылдың ішінде 13 (он үш) жылға дейінгі ең ұзақ қарыз мерзімімен 8,2%-бен 21.485.004 мың теңге сомасына 2015 жылғы 12 наурызда жаңартылатын несие желісін ашу туралы келісімге сәйкес ҚТГ Аймақ «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-нан «Оңтүстік Қазақстан облысының газ бөлу жүйесін жаңарту» жобасы бойынша 1.203.831 мың теңге сомасына қосымша қаржыландыруды алды. 2015 жылдың ішінде ҚТГ Аймақ 1.379.990 мың теңге мөлшерінде негізгі борыш сомасын, сондай-ақ 996.112 мың теңге мөлшерінде ай сайын есептелген сыйақыны өтеді. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТГ Аймақтың осы несие желісі туралы келісім бойынша 12.551.877 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсанда: 12.728.036 мың теңге) мөлшерінде берешегі бар.

2015 жылдың ішінде 15 жылға дейінгі ең ұзақ қарыз мерзімімен 8,1%-бен 16.400.000 мың теңге сомасына 2013 жылғы 17 шілдедегі жаңартылатын несие желісін ашу туралы келісімге сәйкес ҚТГ Аймақ «Тараз қ. газды бөлу жүйесін жаңарту» жобасы бойынша 3.477.523 мың теңге мөлшерінде қосымша қаржыландыруды алды. Қарыз сомасы 2015 жылдың қыркүйек айынан бастап жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс. 2015 жылдың ішінде Компания 413.349 мың теңге мөлшерінде негізгі борышты және 423.929 мың теңге мөлшерінде ай сайын есептелген сыйақыны өтеді. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТГ Аймақтың осы несие желісі туралы келісім бойынша 8.152.903 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсанда: 5.088.729 мың теңге) мөлшерінде берешегі бар.

2015 жылдың ішінде 10 (он) жылға дейінгі ең ұзақ қарыз мерзімімен 7%-бен 8.000.000 мың теңге сомасына 2015 жылғы 12 карашадағы жаңартылатын несие желісін ашу туралы келісімге сәйкес ҚТГ Аймақ «Тараз қ. газды бөлу жүйесін жаңарту» жобасы бойынша 8.000.000 мың теңге сомасында қосымша қаржыландыруды алды. Келісімнің шеңберінде алынған қарыздар сомасы 2016 жылғы мамыр айынан бастап 280.000 мың теңге мөлшерінде жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс. Негізгі борышты өтеу төлемдері 2017 жылғы қараша айынан бастап 470.588 мың теңге мөлшерінде жасалады. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТГ Аймақтың осы несие желісі туралы келісім бойынша 8.000.000 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсан: нөл теңге) мөлшерінде негізгі борышы бар.

2007 жылғы 12 маусымдағы банктік қарыз шартына сәйкес 1.587.275 мың теңге сомадағы қарыз 113.337 мың теңге мөлшерінде жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс. Бұл қарыз «Өзен-Жетібай газ құбырының резервтік желісі» жобасын іске асыру үшін тартылды. 2015 жылдың ішінде ҚТГ Аймақ 226.753 мың теңге мөлшерінде негізгі борыш сомасын, сондай-ақ 148.790 мың теңге мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТГ Аймақтың осы несие желісі туралы келісім бойынша 1.587.275 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсанда: 1.814.028 мың теңге) мөлшерінде берешегі бар.

*«Сбербанк» ЕБ АҚ*

2013 жылғы 9 қыркүйектегі жаңартылатын несие желісін ашу туралы шартқа сәйкес айналым капиталын толықтыруға 2013-2014 жылдардың ішінде ҚТГ Аймақ 9.000.000 мың теңге сомасына қаржыландыру алды. 2015 жылдың ішінде Компания 9.000.000 мың теңге мөлшерінде негізгі борышты және 138.338 мың теңге сомасында ай сайын есептелген сыйақыны өтеді.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 16. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРДАН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптардан қарыздар мыналарды құрады:

*Мың теңгемен*

| | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар | **151.128.625** | 14.881.897 |
| Пайызсыз қарыздар | **25.321.800** | – |
| | **176.450.425** | 14.881.897 |
| Минусы: дисконт | **(7.148.857)** | (6.899.509) |
| Плюсы: есептелген сыйақы | **526.447** | – |
| | **169.828.015** | 7.982.388 |
| Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома | **(25.245.635)** | – |
| **12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар** | **144.582.380** | 7.982.388 |

### Тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар

*ҚазМұнайГаз ҰК АҚ*

2014 жылғы 12 қыркүйекте бас компания өтімділік көрсеткіштерін жақсарту үшін Топқа жылдық 4,1%-бен 14.881.897 мың теңге сомасында ұзақ мерзімді қаржыландыруды ұсынды. Бұл қарыз 2024 жылғы 12 қыркүйекке дейін төленуі тиіс. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл қарыз 8.342.399 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсан: 7.982.388 теңге) мөлшерінде әділ құны бойынша көрсетілді.

2015 жылғы 10 желтоқсанда ҚазМұнайГаз Синдикаттан алынған қарызды мерзімінен бұрын өтеу мақсатында баламасы 400.000 мың АҚШ доллары болатын 123.648.000 мың теңге мөлшерінде ұзақ мерзімді қарыз берді *(15-ескертпе)*. Қарыздың жылдық 2,88%-бен 36 ай өтеу мерзімі бар. ҚазМұнайГаз-бен жасалған шартқа сай негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдер сомасы әрбір өтеу күніне АҚШ долларының/теңгенің бағамы бойынша индексацияланады. Топ бұл қарызды шетел валютасындағы монетарлық міндеттеме ретінде ескереді және әрбір есепті күнге бағамдық айырманы мойындайды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі борыштың баланстық құны 135.788.000 мың теңгеге (2014 жылғы 31 желтоқсан: нөл теңге) тең болды.

### Пайызсыз қарыздар

*ҚазМұнайГаз*

2015 жылдың ішінде Топ БШГ қысқа мерзімді қарыздарды беру арқылы «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырының құрылысын қаржыландыру мақсатында ҚазМұнайГаздан 25.321.800 мың теңге сомасына бірнеше траншпен пайызсыз қарыздар алды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл қарыз 24.719.188 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсан: нөл теңге) мөлшерінде әділ құны бойынша көрсетілді.

## 17. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2013 жылы ИОА қызметкерлерге әлеуметтік төлемдерге арналған ұжымдық шартты жасады. Қызметкерлерге төлемдер басқа да ұзақ мерзімді төлемдер ретінде қарастырылады. Осы төлемдерді алу құқығы негізінен қызметтің ең аз мерзімі аяқталуына тәуелді. Осы төлемдердің күтілетін құны белгіленген төлемдері бар жоспар үшін пайдаланылатынға ұқсас есепке алу әдістемесін пайдалана отырып қызмет мерзімі ішінде есептеледі. Мұндай сыйақылар активтермен қамтамасыз етілмеген.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 17. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Белгіленген төлемдері бар жәрдемақылар төлеу бойынша міндеттемелердегі өзгерістер, мынадай түрде берілген:

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Жылдың басына белгіленген төлемдері бар жәрдемақылар төлеу бойынша міндеттемелердің ағымдағы құны | 3.013.317 | 2.688.410 |
| Ағымдағы қызметтердің құны | 110.352 | 298.145 |
| Жоспарларды қысқартудан түскен пайда *(26-ескертпе)* | (2.038.449) | – |
| Дисконт амортизациясы *(27-ескертпе)* | 238.367 | 215.073 |
| Актуарлық кірістер | (577.007) | (137.129) |
| Төленген сыйақылар | (67.458) | (51.182) |
| **Жыл соңына сыйақы бойынша белгілі бір міндеттемелердің келтірілген құны** | **679.122** | **3.013.317** |
| Минусы: қызметкерлердің сыйақысы бойынша міндеттемелердің келтірілген құнының қысқа мерзімді бөлігі | (25.155) | (53.009) |
| **Қызметкерлердің сыйақысы бойынша міндеттемелердің келтірілген құнының ұзақ мерзімді бөлігі** | **653.967** | **2.960.308** |

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте және жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте танылған сомалар былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Жылдың аяғына белгіленген төлемдері бар жәрдемақылар төлеу бойынша міндеттеменің келтірілген құны | 679.122 | 3.013.317 |
| **Таза міндеттемелер** | **679.122** | **3.013.317** |
| | | |
| Ағымдағы қызметтердің құны | 110.352 | 298.145 |
| Жоспарларды қысқартудан түскен пайда *(26-ескертпе)* | (2.038.449) | – |
| Дисконт амортизациясы *(27-ескертпе)* | 238.367 | 215.073 |
| Актуарлық кірістер | (577.007) | (137.129) |
| **Ағымдағы жылы танылған (кірістер)/шығыстар** | **(2.266.737)** | **376.089** |

Актуарлық кірістерге басқа да жиынтық кіріс қосылған. Ағымдағы қызметтердің және өткен жылдар қызметтерінің құны сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны, жалпы және әкімшілік шығыстар құрамында жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепке кіргізілген.

Кәсіптік одақ комитетінің шешіміне сай ИОА-дағы еңбек қызметі аяқталғаннан кейін міндеттемелер бойынша сауықтыруға арналған қаржылық көмек күйінде 50 АЕК (2015 жылға: 1.982 теңге) мөлшерінде жылдық төлем жасалмады, бұл жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте актуарлық пайда ретінде көрсетілді.

Сыйақы бойынша міндеттемелерді есептеулерде пайдаланылған негізгі актуарлық жорамалдар былайша көрсетілген:

| | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі | 8% | 8% |
| Жалақының келешек өсуі | 7% | 7% |
| Өлім деңгейі | 16% | 16% |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 18. РЕЗЕРВТЕР

| *Мың теңгемен* | Газды тасымалдау шығыстары бойынша резерв | Ұңғымаларды жою, учаскені қалпына келтіру және тарихи шығындар | Газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша резерв | Кепілдік бойынша резервтер | Салықтар бойынша резервтер | Концессия шарты бойынша резерв | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына** | 21.267.496 | 2.370.578 | – | 2.849.952 | 1.835.447 | 1.956.806 | 30.280.279 |
| Жыл ішінде ұлғаю | 5.507.927 | 206.216 | 35.276.662 | 651.556 | 103.681 | – | 41.746.042 |
| Бағалаудағы өзгеріс | (9.580.077) | – | – | – | – | – | (9.580.077) |
| Бағамдық айырма | | | | | | | |
| Дисконт амортизациясы *(27-ескертпе)* | – | 108.547 | – | 83.928 | – | – | 192.475 |
| Пайдаланылмаған сомаларды қайтару | – | 155.679 | 322.943 | – | – | – | 478.622 |
| Пайдаланылды | – | – | – | – | (499.774) | (1.956.806) | (2.456.580) |
| | (3.866.678) | (175.820) | – | – | – | – | (4.042.498) |
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға** | 13.328.668 | 2.665.200 | 35.599.605 | 3.585.436 | 1.439.354 | – | 56.618.263 |
| Жыл ішінде ұлғаю | **11.484.510** | **214.893** | – | – | **50.975** | – | **11.750.378** |
| Бағалаудағы өзгеріс | – | **545.970** | – | – | – | – | **545.970** |
| Бағамдық айырма | | | | | | | |
| Дисконт амортизациясы *(27-ескертпе)* | – | **480.329** | – | **76.415** | – | – | **556.744** |
| Пайдаланылмаған сомаларды сторнациялау *(27-ескертпе)* | – | **180.105** | **3.750.297** | – | – | – | **3.930.402** |
| Пайдаланылды | – | – | – | **(1.618.051)** | – | – | **(1.618.051)** |
| | – | **(156.226)** | – | **(2.043.800)** | **(52.742)** | – | **(2.252.768)** |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | **24.813.178** | **3.930.271** | **39.349.902** | – | **1.437.587** | – | **69.530.938** |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға ағымдағы резервтер** | **24.813.178** | **358.323** | – | – | **1.437.587** | – | **26.609.088** |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді резервтер** | – | **3.571.948** | **39.349.902** | – | – | – | **42.921.850** |
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға ағымдағы резервтер** | 13.328.668 | 211.130 | – | 3.585.436 | 1.439.354 | – | 18.564.588 |
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді резервтер** | – | 2.454.070 | 35.599.605 | – | – | – | 38.053.675 |

### Газды тасымалдау шығыстары бойынша резерв

Өзбекстаннан газды беру көлемдерінің қысқартылуына орай және Алматы мен Алматы облысының мұқтаждықтары үшін суық кезеңде газдың үзіліссіз берілуін сақтап қалу мақсатында Топ 2011 жылғы 7 қаңтарда «ПетроЧайна Интернешнл Компани Лимитед (бұдан әрі «ПетроЧайна») мен «Азия Газ құбыры» (Компания мен Транс-Азия Газ Пайплайн Компани Лимитед бірлескен кәсіпорны (бұдан әрі «ТапЛайн») газ қарызы туралы үш жақты Келісімге қол қойды. ТапЛайн «Қытай Ұлттық Мұнай-Газ Корпорациясы, Барлау және Өндіру» еншілес ұйымы болып табылады. Бұл келісім қосымша газ көлемдеріне және оны 2011, 2012, 2013 әрі 2014 жылдары қайтару мерзімдеріне қатысты толықтырылды.

2011-2014 жылдардың ішінде Топ қажетіне қарай газды іріктеп, қайтарып отырды.

## 18. РЕЗЕРВТЕР (жалғасы)

### Газды тасымалдау шығыстары бойынша резерв (жалғасы)

Бұл келісімге сәйкес «Азия Газ құбыры» ЖШС, қарызға алынған газды тасымалдау жөніндегі агент ретінде, Топқа қарызға алынған газды тасымалдаумен байланысты шығындарды жазып береді. Газды тасымалдау шығыстары мен «Азия Газ құбыры» ЖШС өтеп беретін шығындар Топ үшін елеулі болып табылады және газды кейіннен тұтынушыларға сату кезінде өтелмейді, өйткені Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу мен бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитет (бұдан әрі «Комитет») бекіткен газды сату тарифінің бір бөлігі болып табылмайды. Газды қарызға беру туралы келісімнің шеңберінде Компанияның «ПетроЧайна» алдында расталған шығындарды және «ПетроЧайна» газды қарыз алуына әрі оны қайтару процесіне орай шеккен залалдарды өтеу бойынша шарттық міндеттемелері бар. 2014 жылдың ішінде «ПетроЧайна» 29.946.588 мың теңге (баламасы 164.226.000 АҚШ доллары) жалпы мөлшерде газ қарызының 2, 3 және 4 транштары бойынша өтелуін талап етті. Компания «ПетроЧайна» өтеуін талап ететін шығыстарды талдап, 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 24.813.178 мың теңге (баламасы 73.094.000 АҚШ доллары) сомасына бағалау міндеттемесін мойындады (2014 жыл: 13.328.668 мың теңге). Өтелуге жататын сомалардағы алшақтықтар шығыстардың келесі түрлері бойынша туындады: Өзбекстан аумағымен газды тасымалдау кезіндегі технологиялық шығындар, салықтар мен кедендік алымдарды төлеу шығыстары, Өзбекстаннан келген сапасыз газ үшін айыппұлдар, түрлі кезеңдерде газ бағасындағы айырма шығыны. Қазіргі уақытта Компания басшылығы «ПетроЧайна»-мен өтелуге жататын сомаларды келісу бойынша келіссөздер жүргізуде.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 73.094 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі бағалау міндеттемесінің сомасы доллар үшін 339,47 теңге бағамы бойынша қайта бағаланды.

Басшылықтың пікірінше, 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ басшылықтың негізделген бағалауының негізінде бағалау міндеттемесін есептеді және Топ орын алған жағдайды сақтап қалу ықтималдылығы жоғары болып табылады.

### Кепілдік резервтері

Топ ҚТГ – Тбилиси берешегін қамтамасыз ету ретінде «Грузия Банкінің» пайдасына өтелмеген кепілдік бойынша міндеттемелерді көтерді. Бұл кепілдікпен қамтамасыз етілген берешек сомасы 1.823.500 мың теңге болды (2014 жылғы 31 желтоқсанға баламасы 10.000.000 АҚШ доллары). 2009 жылғы қаңтарда ҚТГ-Тбилиси қарыздың негізгі сомасы мен есептелген пайыздар бойынша төлем жасауды тоқтатты. 2010 жылдың ішінде «Грузия Банкі» сот процесін бастап, 2011 жылғы 25 қарашада Лондонның арбитраждық соты берілген кепілдік бойынша өндіріп алу туралы шешімді қабылдады: 2.584.811 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсанға баламасы 14.175.31 АҚШ доллары) жалпы сомаға «Грузия Банкі» пайдасына қарыз сомасын, сыйақыны және сот шығыстарын. 2014 жылы Топ 735.484 мың теңге сомаға қосымша резервті құрды, әрі ол төлем мерзімін кешіктіргені үшін өсімпұлды және басқа да шығыстарды білдіреді. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл кепілдік бойынша есептелген резервтің жалпы сомасы 3.585.436 мың теңге болды (2014 жылғы 31 желтоқсанға баламасы 19.662.386 АҚШ доллары).

2015 жылғы 30 сәуірде Топ 2014 жылғы 7 қарашадағы Әлемдік келісімге сәйкес 2.043.800 мың теңге сомасында (ақы төлеу күніне баламасы 11.000.000 АҚШ доллары) «Грузия Банкінің» пайдасына өтелмеген кепілдік бойынша төлем жасады, әрі оған ҚТГ-Тбилиси негізгі борышы бойынша 10.000.000 АҚШ долларындағы сома және тағайындалған сыйақы бойынша 1.000.000 АҚШ долларындағы сома кіреді. Қаржылық кепілдік бойынша 1.618.051 мың теңге мөлшеріндегі пайдаланылмаған резерв қалдығы сторнацияланды *(27-ескертпе)*.

### Газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша резерв

Негізгі құралдарды орнату кезінде Топ магистральдық газ құбырларын дисконтталған негізде пайдаланудан шығару бойынша келешек шығындарға арналған резервті толық көлемде құрды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша газ құбырларын жою және учаскені қалпына келтіру бойынша 39.349.902 мың теңге сомасындағы резерв 2021 жылдан бастап 2084 жылға дейінгі кезеңде болады деп күтілетін газ көлік активтеріне жататын газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру шығындарының ағымдағы құнын білдіреді (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 35.599.605 мың теңге).

2015 жылғы 31 желтоқсанға инфляцияның ұзақ мерзімді үрдісі мен газ құбырларын жою және учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконт мөлшерлемесі тиісінше 3,22% және 10,09% болды (2014 жылғы 31 желтоқсанға: тиісінше 3,22% және 10,09%).

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 19. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Келешек кезеңдер кірістері: Ұзақ мерзімді бөлік | 5.773.623 | 5.368.212 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | – | 226.430 |
| | 5.773.623 | 5.594.642 |

Келешек кезеңдер кірістері халықтан және жергілікті билік органдарынан алынған өтеусіз бөлінген газ құбырлары бойынша туындайды.

## 20. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардың алдында | 27.235.717 | 31.773.511 |
| Байланысты тараптардың алдында *(30-ескертпе)* | 46.198.098 | 26.339.062 |
| | 73.433.815 | 58.112.573 |

Сауда және баска да кредиторлық берешек сатып алынған газ үшін және активтер мен қызметтер үшін берешекті білдіреді. Сауда кредиторлық берешек пайызсыз болып табылады, сол бойынша есептер әдетте 30 күнге дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша берешек пен баска да міндеттемелер келесі валюталарда берілді:

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Теңге | 70.081.239 | 38.660.731 |
| АҚШ Доллары | 3.340.720 | 19.442.162 |
| Басқасы | 11.856 | 9.680 |
| | 73.433.815 | 58.112.573 |

## 21. АЛЫНҒАН АВАНСТАР

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардан алынған алғытөлем | 3.214.740 | 2.916.105 |
| Байланысты тараптардан алынған алғытөлем *(30-ескертпе)* | 206.097 | 731.929 |
| | 3.420.837 | 3.647.034 |

## 22. ӨЗГЕ АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Сыйлықақылар бойынша есептелген резерв | 4.018.753 | 2.550.168 |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв | 1.036.533 | 1.357.625 |
| Зейнетақы аударымдары | 672.139 | 623.539 |
| Келешек кезеңдер кірістері: ағымдағы бөлік | 380.912 | 372.856 |
| Тендерлер бойынша алдын ала төлем | 286.655 | 461.364 |
| Жалақы бойынша берешек | 30.070 | 1.490.878 |
| Басқасы | 1.047.004 | 1.737.442 |
| | 7.472.066 | 8.593.872 |

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелер теңгемен көрсетілді.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 23. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНЕН ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР

| Мың теңгемен | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| **Газды тасымалдау бойынша қызметтер** | | |
| Орта азиялық газды тасымалдау (транзит) | 47.702.726 | 63.542.562 |
| Қазақстаннан тыс жерлерге газды тасымалдау | 29.876.270 | 17.061.220 |
| Ресей газын тасымалдау (транзит) | 26.262.052 | 17.949.714 |
| Қазақстан ішінде газды тасымалдау | 21.777.369 | 16.923.057 |
| | 125.618.417 | 115.476.553 |
| Газды ішкі нарықты өткізуден түскен кірістер | 144.824.650 | 139.585.722 |
| Газды экспортқа шығарудан түскен кірістер | 98.352.251 | 71.886.662 |
| Газ құбырларына қызмет көрсету | 5.443.122 | 2.023.108 |
| Басқасы | 80.883 | |
| | 374.319.323 | 328.972.045 |

**Орта Азиялық және ресейлік газды тасымалдау (транзит)**

2015 жылдың ішінде қызмет көрсетуден түскен кірістердің жалпы көлемінің шамамен 58,9% «Газпром» тобының компанияларына (2014 жылдың ішінде: 70,6%) келесі келісімшарттар бойынша келді:

- 2011 жылғы 26 қаңтардағы Түркменстан мен Өзбекстаннан қазақстандық-ресейлік шекараның экспорттық нүктесіне дейін газды тасымалдауға арналған бес жылдық келісімшарт. «Газпром» ЖАҚ-ның тасымалдау қызметтерін көрсетуге арналған осы келісімшартқа сәйкес тасымалдау «ал немесе ақысын төле» қағидатына негізделген, бұл ретте есеп айырысу келісімшарт бойынша мәлімделген қуаттылықтың 80%-на және қызметтерді көрсету кезеңінде нақты тасымалдау көлемінің 20%-на сүйене отырып жүзеге асырылады. 2015 жылғы 8 маусымда ИОА орта азиялық газды тасымалдау бойынша қосымша келісімді жасады, соған сай газды тасымалдаудың жылдық келісімшарттық көлемі 28.000.000 мың текше метрден 13.000.000 мың текше метрге дейін азайды. Салдарынан «Газпром» ЖАҚ-тан түскен кіріс үлесі азайды. Газдың жаңа көлемдері 2015 жылғы 1 мамырдан бастап қолданылады.
- Ресейлік табиғи газды Қазақстанның солтүстік-батысындағы Орынбор-Новопсков газ құбыры бойынша тасымалдауға арналған 2011 жылғы 26 қаңтардағы бес жылдық келісімшарт. Бұл келісімшарт бойынша мәлімделген қуаттылық жылына 40,6 миллиард текше метрді құрайды.
- Ресейлік табиғи газды Қазақстанның солтүстік-батысындағы Орынбор-Новопсков газ құбыры бойынша тасымалдауға арналған 2015 жылғы 10 ақпандағы жылдық келісімшарт. Бұл келісімшарт бойынша мәлімделген қуаттылық жылына 12,3 миллиард текше метрді құрайды.

Жоғарыда көрсетілген «Газпром» ЖАҚ-мен қызмет көрсету келісімшарттарына сәйкес Топ кез келген дәлелденген тікелей шығындар немесе «Газпром» жеткізілмей қалған газ көлемі үшін төленген нақты айыппұлдар үшін жауапкершілік көтереді.

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына Топ басшылығы көрсетілген қызметтерді көрсетуге арналған келісімшарттарға сәйкес жауапкершілік туралы бұл ережеге қатысты «Газпром» ЖАҚ алдында қандай да бір міндеттемелер жоқ деп есептейді.

**Газды экспортқа тасымалдау қызметтері**

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Топ пен «Теңізшевройл» ЖШС арасында газды экспортқа тасымалдау тарифі 1 мың $м^3$ үшін 100 км-ге 3,2 АҚШ долларына дейін өсті (2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 1 мың $м^3$ үшін 100 км-ге 3, 0 АҚШ доллары).

Сондай-ақ 2015 жылғы мамырда Топ «Жайықмұнай» ЖШС-пен 1 мың $м^3$ үшін 100 км-ге 925 теңге тарифі бойынша 905.000 мың $м^3$ көлемінде газды экспортқа тасымалдау шартын жасады.

**Газды экспортқа сатудан түскен кіріс**

2014 жылғы 31 желтоқсанда Топ «Gazprom Schweiz AG»-мен 2.662.800 мың текше метрге дейінгі көлемде 2015 жылы газ экспортына келісімшартқа қолын қойды. 2014 жылдың ішінде Топ аталған көлемнен 98.352.251 мың теңге жалпы сомаға 2.587.989 мың текше метр (2014 жылы: 65.834.029 мың теңге жалпы сомаға 1.667.890 мың текше метр) көлемінде газды жеткізді.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 24. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМ МЕН КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Өткізілген газдың өзіндік құны | **168.979.895** | 141.745.184 |
| Жалақы және тиісті аударымдар | **26.478.287** | 28.704.632 |
| Тозу, тауысылу және құнсыздану | **25.091.108** | 28.060.652 |
| Көлік шығыстары | **17.116.162** | 17.299.975 |
| Көлік шығыстарын өтеу, нетто *(18-ескертпе)* | **11.484.510** | (4.072.150) |
| Өзінің мұқтаждықтарына арналған газ және басқа да материалдар | **7.578.903** | 9.366.768 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | **7.282.980** | 5.109.662 |
| Техникалық қызмет көрсету | **3.551.743** | 2.779.997 |
| Биллинг қызметтері | **3.422.016** | 2.792.077 |
| Жөндеу шығыстары | **2.094.719** | 4.321.140 |
| Электр энергиясы | **1.723.460** | 1.482.686 |
| Іссапар шығыстары | **640.702** | 988.994 |
| Концессия шарты бойынша шығыстар *(18-ескертпе)* | **–** | 1.956.806 |
| Басқасы | **2.160.575** | 1.936.913 |
| | **277.605.060** | 242.473.336 |

## 25. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Жалақы және тиісті аударымдар | **12.546.904** | 13.520.854 |
| Айыппұлдар мен өсімпұлдар | **3.148.684** | 167.432 |
| Жалдау шығыстары | **2.099.116** | 1.207.626 |
| Қызметкерлерге берілген тұрғын үй өтемақыларының амортизациясы | **1.144.159** | 447.260 |
| Консалтинг қызметтері | **1.138.209** | 1.165.916 |
| Тозу және амортизация | **973.659** | 1.326.844 |
| Салық активтерінің құнсыздануынан болған залал | **852.848** | – |
| Табыс салығынан басқа салықтар | **827.080** | 1.179.369 |
| Өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздануы | **545.202** | – |
| Офисті ұстап тұру шығыстары | **460.893** | 466.009 |
| Жөндеу және техникалық қызмет көрсету | **385.595** | 903.428 |
| Банктік қызметтер | **367.700** | 424.040 |
| Іссапар шығыстары | **349.408** | 439.961 |
| Демеушілік пен қайырымдылық | **230.351** | 483.997 |
| Кадрларды даярлау және біліктілікті арттыру | **206.783** | 230.308 |
| Көлік шығыстары | **194.116** | 227.948 |
| Күмәнді борыштар, берілген аванстар, ескірген және өтпейтін ТМҚ бойынша резервтегі өзгеріс, нетто | **177.357** | 1.194.161 |
| Мерекелік, мәдени-жаппай және спорттық іс-шараларды өткізу шығыстары | **147.486** | 396.037 |
| Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шығыстары | **118.391** | 183.406 |
| Газ қарызы бойынша шығындарды өтеу (ҚҚС бойынша залалдар) | **–** | 11.074.720 |
| Басқасы | **1.425.562** | 2.036.900 |
| | **27.339.503** | 37.076.216 |

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 26. ӨЗГЕ ДЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| **Басқа да операциялық кірістер** | | |
| Көрсетілген қызметтер бойынша кірістер (үйішілік газды қызмет көрсету, қосылу, техникалық қызмет көрсету) | 3.859.149 | 4.571.151 |
| Өтеусіз қаржылық көмек | 2.775.000 | – |
| Міндеттемелерді қысқартудан түскен пайда *(17-ескертпе)* | 2.038.449 | – |
| Болашақ кезеңдер кірістерінің амортизациясы | 378.194 | 851.718 |
| Айыппұлдардан түскен кіріс | 451.332 | 304.514 |
| Негізгі құралдарды шегеруден болған пайда, нетто | 202.711 | 5.452.092 |
| ТМҚ өткізуден болған кіріс | 19.994 | 195.270 |
| Басқасы | 1.640.295 | 2.823.645 |
| | 11.365.124 | 14.198.390 |
| **Өзге де операциялық шығыстар** | | |
| Негізгі құралдардың құнсызданауынан болған залал | (4.686.856) | (794.395) |
| Көрсетілген қызметтер бойынша шығыстар (үйішілік газды қызмет көрсету, қосылу, техникалық қызмет көрсету) | (2.679.345) | (1.814.150) |
| Жалақы және тиісті салықтар | (1.103.784) | (1.264.045) |
| Басқа активтердің тозуы және амортизациясы | (34.678) | (51.937) |
| Газ қарыздарының операциялары бойынша шығыстар | – | (1.600.548) |
| Басқасы | (336.217) | (680.431) |
| | (8.840.880) | (6.205.506) |

2014 жылы Топ және «ҚазМұнайГаз» Астана қаласында орналасқан мүліктік кешенді сату бойынша 8.483.051 мың теңге сомаға шарт жасады. Өткізу күніне активтің баланстық құны 1.738.842 мың теңге болды, осыған орай Топ жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген 7.574.153 мың теңге мөлшерінде пайда алды.

### 27. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР МЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| **Қаржылық кірістер** | | |
| Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша дисконт амортизациясы *(10-ескертпе)* | 4.722.291 | – |
| Банктердегі салымдар бойынша пайыздық кіріс | 3.256.308 | 2.817.698 |
| Басқасы | 12.516 | 193.247 |
| | 7.991.115 | 3.010.945 |
| **Қаржылық шығындар** | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар | (11.377.050) | (9.452.132) |
| Дисконт амортизациясы – тарихи шығындар бойынша және активтерді жою бойынша міндеттемелер *(18-ескертпе)* | (3.930.402) | (478.622) |
| Банктік қарыздар мен овердрафттар бойынша пайыздар | (3.898.716) | (2.616.176) |
| Берілген пайызсыз қарыздар бойынша дисконт | (2.889.708) | – |
| Қаржылық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы | (2.682.934) | (184.666) |
| Қарыздарды ұйымдастырумен байланысты қосымша шығындар амортизациясы | (1.586.013) | (1.060.053) |
| Байланысты тараптардан қарыздар бойынша пайыздар | (811.599) | (184.743) |
| Қызметкерлер сыйақыларының міндеттемелері бойынша дисконт амортизациясы *(17-ескертпе)* | (238.367) | (215.073) |
| Қаржылық кепілдік *(18-ескертпе)* | 1.618.051 | (651.556) |
| Басқасы | (299.356) | (426.968) |
| | (26.096.094) | (15.269.989) |

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 28. ТЕРІС БАҒАМДЫҚ АЙЫРМА, НЕТТО

2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметі валюталық дәлізден бас тартуға және теңгенің еркін құбылмалы айырбас бағамына өтуге негізделген жаңа ақша-несие саясатын іске асыру туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде, теңге АҚШ долларына және басқа негізгі әлемдік валюталарға қатысты айтарлықтай құнсызданды. Үкіметтің шешіміне дейінгі және кейінгі АҚШ долларының айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 188,38 теңге және 1 АҚШ доллары үшін 255,26 теңге болды. Нәтижесінде 2015 жылдың 31 желтоқсанына АҚШ долларының айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 339,47 теңге болды. Теңгенің түзетілуі 101.242.892 мың теңге сомасында таза теріс бағамдық айырмаға әкеп соқтырды, соның салдарынан, Топтың АҚШ долларымен білдірілген елеулі борыштық міндеттемелері мен банктік қарыздары бар.

2014 жылғы 13 ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі теңге бағамын АҚШ долларына және басқа да негізгі валюталарға қатысты түзетті. Түзетуден кейін айырбас бағамы 1 АҚШ долларына 155,56 теңгеден 1 АҚШ долларына 184,50 теңгеге дейін өсті. Теңгенің түзетілуі 15.018.749 мың теңге сомасында таза теріс бағамдық айырмаға әкеп соқтырды.

### 29. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Топқа 20% қолданыстағы ресми мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынады.

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар | **1.453.539** | 12.395.147 |
| Өткен жылдың табыс салығын түзету | **204.955** | 331.194 |
| Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша (үнемдеу)/шығыс | **(123.789)** | 398.458 |
| | **1.534.705** | 13.124.799 |

Төменде 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін ағымдағы табыс салығының шығыстарымен бірге табыс салығының ресми мөлшерлемесі бойынша салық салынғанға дейінгі залалға қолданылатын корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың салыстырылуы келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Салық салынғанға дейінгі залал | **(107.949.852)** | (7.043.020) |
| Салықтың ресми мөлшерлемесі | **20%** | 20% |
| **Табыс салығы бойынша теориялық үнемділік** | **(21.589.970)** | (1.408.604) |
| | | |
| **Тұрақты айырмалардан салық әсері** | | |
| Бірлескен кәсіпорындардың шығынындағы үлес (танылған) | **12.100.197** | 7.436.121 |
| Тек салық базасында ғана көрсетілген қаржы активтері бойынша бағамдық айырмадан түскен кіріс | **4.403.588** | - |
| Таратылған еншілес ұйымдар бойынша ауыстырылған шығындарды есептен шығару | **2.914.329** | - |
| Аяқталмаған құрылыстың құнсыздануынан болған шығын | **1.026.252** | 158.879 |
| Дисконт амортизациясы – тарихи шығындар бойынша және активтерді жою бойынша міндеттемелер | **786.080** | 95.724 |
| Есептен шығарылмайтын айыппұлдар мен өсімпұлдар | **629.737** | 33.486 |
| Қаржылық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы | **536.587** | 36.933 |
| Алдыңғы жылдың мерзімі ұзартылған табыс салығына қатысты түзету | **451.696** | 378.438 |
| Жұмыскерлердің сыйақы міндеттемелері бойынша (пайда)/зиян | **(375.514)** | 602.663 |
| Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша дисконт амортизациясы | **(366.516)** | (343.007) |
| Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтеріндегі өзгеріс | **(384.453)** | 980.669 |
| Алдыңғы жылдың ағымдағы табыс салығына қатысты түзету | **204.955** | 331.194 |
| Есептен шығарылмайтын қайырымдылық шығыстары | **76.593** | 230.859 |
| ҚҚС бойынша шығындарды өтеу шығыстары | **-** | 2.214.944 |
| Қызметкерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелер бойынша мерзімі ұзартылған активтің мойындалуын тоқтату | **-** | 720.915 |
| Төленуге жататын ұзақ мерзімді вексельдер бойынша дисконт | **-** | 436.645 |
| Газ қарызы бойынша міндеттемені ұлғайту | **-** | 320.110 |
| Басқасы | **1.121.144** | 898.830 |
| **Жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар** | **1.534.705** | 13.124.799 |

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 29. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелердің компоненттері төмендегідей көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| **Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер** | | |
| Көлік шығындары бойынша резерв | 5.535.206 | 3.743.163 |
| Сенімгерлік басқару шартынан болған шығын | 4.192.921 | 6.672.019 |
| Кейінге ауыстырылған салық залалы | 3.128.233 | 3.332.071 |
| Басқа резервтер | 1.939.436 | 1.186.243 |
| Келешек кезеңдер кірістері | 1.230.907 | 1.148.214 |
| Салықтар | 34.408 | 54.456 |
| Іске асырылмаған пайда | 21.968 | 226.601 |
| Басқасы | 801.735 | 225.773 |
| | 16.884.814 | 16.588.540 |
| Минусы: топтың мерзімі ұзартылған салығы бойынша активтерге резерв | (6.739.989) | (7.124.442) |
| | 10.144.825 | 9.464.098 |
| **Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер** | | |
| Негізгі құралдар және материалдық емес активтер | (33.061.406) | (32.617.749) |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | (163.502) | (50.221) |
| | (33.224.908) | (32.667.970) |
| **Мерзімі ұзартылған салық бойынша таза міндеттемелер** | (23.080.083) | (23.203.872) |

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| **1 қаңтарға таза міндеттеме** | (23.203.872) | (22.805.414) |
| Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің кірісіне/(шығысына) жатқызылған сома | 123.789 | (398.458) |
| **31 желтоқсанға мерзімі ұзартылған салық бойынша таза міндеттемелер** | (23.080.083) | (23.203.872) |

Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер Топтың түрлі кәсіпорындарына жатады және салық заңнамасына сәйкес бір біріне қарсы есепке алына алмайды. Топ кәсіпорындарының мерзімі ұзартылған салықтар бойынша нетто позициясы былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер | 3.272.127 | 226.448 |
| Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер | (26.352.210) | (23.430.320) |
| **31 желтоқсанға мерзімі ұзартылған салық бойынша таза міндеттемелер** | (23.080.083) | (23.203.872) |

### 30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Байланысты тараптарға Топтың негізгі басқарушы персоналы, елеулі үлес тікелей немесе жанама түрде Топтың негізгі басқарушы персоналына, ҚазМұнайГаз Тобының Компанияларына (жалпы бақылау астындағы ұйымдарға) тиесілі болатын ұйымдар, бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар және Самұрық-Қазына мен Үкімет бақылайтын компаниялар (мемлекет бақылайтын басқа да ұйымдар) кіреді.

**Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері мен шарттары**

Байланысты тараптармен мәмілелер үшінші тараптарға қолданылған тарифтердің талаптарында көрсетілетін газды тасымалдау қызметтерін қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде жүзеге асырылмаған тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Байланысты тарапқа берілген кепіліктер бар. Кезең соңына өтелмеген қалдықтардың қамтамасыз етуі жоқ, олар пайызсыз болып табылады және есеп айырысулар, бұдан әрі көрсетілгенді қоспағанда, ақшалай жасалады. 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін Топ байланысты тараптардың берешек сомаларына жататын дебиторлық берешектің қандай да бір құнсызданууын мойындамады.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)

**Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері мен шарттары (жалғасы)**

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін байланысты тараптармен жасалған негізгі мәмілелер былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| **Тауарлар мен қызметтерді өткізу** | | |
| «ҚазМұнайГаз»-дың жалпы бақылауындағы ұйымдар | 1.358.077 | 8.866.643 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 9.848.050 | 4.080.541 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 30.155.562 | 12.880.536 |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы ұйымдар | 39.903.356 | 35.563.900 |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушысы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 13.258.406 | 11.740.469 |
| | 94.523.451 | 73.132.089 |
| **Тауарлар мен қызметтерді сатып алу** | | |
| «ҚазМұнайГаз»-дың жалпы бақылауындағы ұйымдар | 5.087.182 | 8.892.409 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 16.082.600 | 23.281.260 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 65.661.185 | 46.140.172 |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы ұйымдар | 396.611 | 570.427 |
| | 87.227.578 | 78.884.268 |
| **Сауда және басқа да дебиторлық берешек, пайызсыз қарыздар мен берілген аванстар** | | |
| «ҚазМұнайГаз»-дың жалпы бақылауындағы ұйымдар | 105.628 | 8.465.408 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 64.158.004 | 27.193.672 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 12.885.628 | 4.490.816 |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы ұйымдар | 7.439.237 | 4.622.933 |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушысы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 315.790 | 1.202.280 |
| | 84.904.287 | 45.975.109 |
| **Сауда және басқа да кредиторлық берешек, алынған аванстар және басқа да ағымдағы міндеттемелер** | | |
| «ҚазМұнайГаз»-дың жалпы бақылауындағы ұйымдар | 675.160 | 1.344.139 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 22.333.165 | 21.296.164 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | 23.364.089 | 3.964.159 |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы ұйымдар | 31.781 | 209.622 |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушысы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | – | 256.907 |
| | 46.404.195 | 27.070.991 |

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| **Алынған қарыздар** | | |
| «Самұрық-Қазына»жалпы бақылауындағы ұйымдар («ҚазМұнайГаз») | 169.828.015 | 7.982.388 |
| **Банктердегі қаражат** | | |
| «Альянс Банк» АҚ | – | 1.058.281 |
| | – | 1.058.281 |

Басқару туралы шарттың талаптарына сәйкес Топ салық міндеттемелерін орындауға міндетті. Басқару үшін ақы Сенім білдірушінің жалға алынған мүлкін пайдаланудан болған таза пайдаға тең.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)

**Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері мен шарттары (жалғасы)**

2014 жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі «1-ші құрылтайшы»), «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (бұдан әрі «2-ші құрылтайшы») және «Интергаз Орталық Азия» АҚ (бұдан әрі «Сенімгерлік басқарушы») арасында үшжақты Мүлікті сенімгерлік басқару шарты жасалды. Мүлікті сенімгерлік басқару шартына сәйкес Топ Концессия шартын бұзу нәтижесінде берілген барлық активтерді алды.

Мүлікті сенімгерлік басқару шартының (бұдан әрі «СБШ») талаптарына сай салықтық міндеттемелердің орындалуы Топқа жүктелген. «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның сеніп тапсырылған мүлікті басқарғаны үшін сыйақысы Сенімді басқарушының мүлікті пайдаланудан түскен таза кірісі болып табылады.

**Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы**

Негізгі басқарушы персоналға Басқарма мүшелері, Топ департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарлары кіреді, олардың жалпы саны 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 35 адам (2014 жылы: 36 адам). 2015 және 2014 жылдары негізгі басқарушы қызметкерлерге төленген сыйақының жалпы сомасы 522.921 мың теңге және тиісінше 839.438 мың теңге болды, әрі ол жалақы мен басқа да қысқа мерзімді сыйақылардан тұрды және жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есептің әкімшілік шығыстар құрамына қосылды.

## 31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Салық салу**

Қазақстандық салық, валюталық және кеден заңнамасы түрлі талқылауларға жол береді және жиі өзгеріп отырады. Басшылықтың операцияларға және Топ қызметіне катысты қолданылатын мұндай заңнаманы түсіндіруі тиісті органдармен дауланауы мүмкін. Қазақстанда болған жуырдағы оқиғалар салық органдары заңнаманы түсіндіру және салық есептеулерін тексеру кезінде барынша қатаң ұстанымды алуы мүмкін екендігіне нұсқап отыр. Салдарынан, салық органдары бұрын шағым қоймаған мәмілелер мен есепке алу әдістері бойынша шағымдар қоюы мүмкін. Нәтижесінде едәуір қосымша салықтар, өсімпұлдар мен айыппұлдар есептелуі мүмкін. Салық тексерулері тексеру жылының алдындағы қызметтің 5 (бес) күнтізбелік жылын қамтуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда тексеруге бұдан да ерте кезеңдер ұшырауы мүмкін.

*Салықтық тексерулер*

2014 жылғы 19 қарашадан бастап 2015 жылғы 30 маусымға дейін салық органдары 2010-2013 жылдар аралығындағы кезең үшін ИОА кешенді салық тексеруін жүргізді. 2015 жылғы 1 шілдеде ИОА Хабарлама алды, соған сай кешенді салық тексеруінің нәтижелері бойынша мемлекеттік кіріс органының ағымдағы жөндеуді күрделі және ҚТГ-мен жасалған Өнеркәсіптік қамтамасыз ету шарты бойынша өнеркәсіптік қолдау бойынша сыйақы ҚТГ тарапынан қызметтердің нақты көрсетілуін расталмаған деп өзгеше түсіндіруінің себебімен 491.640 мың теңге сомасында Корпоративтік табыс салығы және 41.446 мың теңге сомасында тиісті өсімпұл төленуі тиіс.

ИОА Астана қ. Мемлекеттік кіріс департаментіне 2010 жылдың 1 жартыжылдығы үшін бүкіл кіріс хат-хабарларын қоса отырып, хатты жолдады, дегенмен тексеруші органдар түскен құжаттарды назарсыз қалдырды немесе мүлдем ескермеді. ИОА салықтық тексерудің нәтижелері туралы хабарламаның үстінен ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетіне шағым жолдады. Қазіргі уақытта шағымды қарау мерзімі ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетінің ИОА-ның шағымы бойынша тақырыптық қайта тексеруді тағайындауына орай тоқтата тұрылды.

Басшылықтың пікірінше, 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша заңнаманың тиісті ережелері дұрыс түсіндірілді және салықтық, валюталық және кедендік заңнамаға орай Топ ұстанымын растау ықтималдылығы жоғары болып табылады және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтық міндеттемелер бойынша резервтер есептелмеді.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Салық салу (жалғасы)**

*Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау*

Қазақстанда трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. Трансферттік баға түзу туралы заң операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, «қол ұшын беру» қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептелінеді.

Қазақстанда трансферттік баға белгілеу туралы жаңа заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Бұл заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне ие. Оның үстіне, заңда әзірлеу кезеңінде тұрған егжей-тегжей нұсқаулықтар жоқ. Нәтижесінде, операциялардың әр алуан түрлеріне трансферттік баға белгілеу туралы заңды қолдану нақты көрсетілген болып табылмайды.

Трансферттік баға белгілеу туралы Қазақстандық заңмен байланысты белгісіздіктің салдарынан салық органдарының ұстанымы Топтың ұстанымынан ерекшеленуі мүмкін деген тәуекел бар, бұл 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтардың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың қосымша сомаларына әкеп соқтыруы мүмкін. Басшылық 2015 жылғы 31 желтоқсанда трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

**Қоршаған ортаны қорғау мәселелері**

Топ түрлі заңдарды және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ережелерді сақтауы тиіс. Басшылық Топ қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты заңнаманың талаптарын орындайды деп есептейді

**Сот процестері мен шағымдары**

Әдеттегі қызметті жүзеге асыру барысында түрлі сот процестері мен істерінің объектісі болып табылады, Басшылық, түпкі міндеттеме, егер мұндай процестермен немесе шағымдармен байланысты орын алатын болса, Топтың келешекте шоғырландырылған қаржылық жағдайына да, қызметінің қаржылық нәтижелеріне дейі айтарлықтай теріс әсер етпейді деп есептейді.

**Сақтандыру мәселелері**

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласы даму күйінде болып отыр, басқа елдерде таралған сақтандырудың көптеген түрлері жалпы Қазақстан Республикасында әлі де қол жетімсіз. Топтың өндірістік ғимараттарға, өндірістік процестің тоқтап қалуынан болатын залалдарға, сондай-ақ Топ объектілерінде немесе оның қызметінің барысында болған апаттардың нәтижесінде мүлікке немесе қоршаған ортаға келтірілген залалға байланысты үшінші тұлғалардың алдындағы жауапкершілікке қатысты толық сақтандыру өтемі жоқ. Топ баламалы сақтандыру өтемін алмайынша, кейбір активтердің бұзылу залалдарының және жоғалту тәуекелі болады, бұл Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне және оның шоғырландырылған қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс ықпал етуі мүмкін.

**Астанада Жекпе-жек сарайын салу бойынша міндеттемелер**

2012 жылғы 25 желтоқсанда Топ Астана қаласында Жекпе-жек сарайын жобалау және салу бойынша кешенді жұмыстарды сатып алу туралы шартты жасады. Жалпы құнын ҚҚС сомасын ескере отырып 13.722.925 мың теңге құрайды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мердігерлік ұйым шартқа сай ҚҚС-ты ескере отырып 1.907.194 мың теңге жалпы сомаға жұмыстарды орындады. Топтың 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 3.544.722 мың теңге (2014 жылы: 1.388.562 мың теңге) мөлшерінде берілген аванс балансы бар. Шарт бойынша 11.815.731 мың теңге мөлшеріндегі жұмыстардың қалған бөлігі тепе-тең ұсталған аванс сомасын шегере отырып құрылыс жұмыстарының аяқталуына қарай өтелуі тиіс. Жекпе-жек сарайының пайдалануға берілуі 2016 жылдың соңында күтілуде.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Көмірсутектерді барлау және өндіру келісімшарты бойынша міндеттемелер**

Жер қойнауын пайдалану келісімшартының 16-бабында көрсетілгендей Топтың еншілес ұйымы «Аманкелді Газ» ЖШС белгілі бір төлемдерді не болмаса жыл сайын немесе барлау, өндіру және әзірлеу кезеңдерінің ішінде белгілі бір кезеңдерге қол жеткізу шамасына қарай жүзеге асыруға міндетті. Мұндай төлемдерге коммерциялық табу бонусы, роялти және Көмірсутекті барлау және өндіру келісімшартында белгіленген белгілі бір салықтар кіреді. Коммерциялық табу бонусының мөлшері көмірсутектерді анықтаудың коммерциялық тиімді қорларының 0,05% құрайды.

2014-2015 жылдардың ішінде Жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша ең аз жұмыс бағдарламасына сәйкес «Аманкелді Газ» көмірсутектерді қосымша барлауға 8,4 млрд. теңгені инвестициялау талап етіледі. Энергетика министрлігінің 2015 жылғы 12 қарашадағы № 08-03/26289 хатына сәйкес барлау кезеңі 2018 жылғы 12 желтоқсанға дейін ұзартылған.

«Жарқұм» кен орны бойынша Жер қойнауын пайдалану келісімшартының 2014 жылғы 22 қазандағы № 8 толықтыруымен Жарқұм кен орнын 2014-2017 жылдарға 2,8 млрд. теңге сомасына әзірлеуге арналған Жұмыс бағдарламасы бекітілді.

Жер қойнауын пайдалану келісімшартының талаптарына сәйкес «Аманкелді Газ» үшін Үкімет алдында 22.023.776 АҚШ доллары мөлшерінде геологиялық әрі геофизикалық деректерді сатып алу құнымен және мемлекет шеккен бұрғылау жұмыстарының шығындарымен байланысты ұзақ мерзімді міндеттеме белгіленді.

Аманкелді кен орны бойынша, өндірілуі 2003 жылы басталады, 11.412.450 АҚШ доллары мөлшеріндегі төлем өндіру басталған сәттен бастап 10 жылдың ішінде тоқсан сайын жүзеге асырылуы тиіс. Топ тарихи шығындарды 2018 жылға дейін төлеуге қатысты «Аманкелді Газ» газ кен орны бойынша міндеттемелерді мойындады. Міндеттеменің баланстық құны 7% мөлшеріндегі салық салынғанға дейінгі ең аз мөлшерлеме бойынша күтілетін келешек ақша ағындарының дисконтталуымен айқындалады. Жарқұм кен орны бойынша, өндірілуі 2014 жылдың соңында басталды, 83.740 АҚШ доллары мөлшеріндегі тарихи шығындарды өтеу міндеттемесі 2015 жылдың 31 желтоқсанында толық көлемде танылды және 2016 жылдың басында бір траншпен төленеді.

Аманкелді кен орны бойынша өндіру 2003 жылы, Жарқұм кен орны бойынша 2014 жылы басталды.

10.527.586 АҚШ доллары мөлшеріндегі тарихи шығындардың қалған бөлігін өтеу кестесі Солтүстік Үшарал, Үшарал-Кемпіртөбе, Анабай, Айрақты, Құмырлы кен орындарында және XXXIV-49,50,51; XXXV-50, блоктары бойынша газдың коммерциялық табылуы расталғаннан кейін Үкіметпен қосымша талқыланады.

## 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ

**Қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен саясаты**

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелеріне пайыздық қарыздар, шығарылған борыштық бағалы қағаздар, сауда және басқа да кредиторлық берешек кіреді. Бұл қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты Топ операцияларын қаржыландыру болып табылады. Топтың оның операциялық қызметінің барысында тікелей туындайтын байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздары, сауда және басқа да дебиторлық берешегі, пайдалануы шектелген ақша қаражаты, ақша қаражаты мен оның баламалары және банк салымдары бар.

Топ нарықтық тәуекелге, несиелік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағыш.

Топ басшылығы мұндай тәуекелдерді басқару процесін бақылайды. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті Топ басшылығына қаржы тәуекелдеріне және Топтың қаржы тәуекелдерін басқарудың тиісті тұжырымдамасына қатысты кеңес береді. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті Топ басшылығына қаржы тәуекелдеріне байланысты Топ қызметі тиісті саясатқа және рәсімдерге сай жүзеге асырылатындығына көз жеткізуге көмектеседі.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Нарықтық бағаға тәуекелдің екі түрі кіреді: пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі және валюталық тәуекел. Нарықтық тәуекелге ұшырағыш қаржы құралдарына қарыздар мен депозиттер кіреді.

Келесі бөлімдердегі сезімталдылық талдауы 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанындағы позицияларға жатады.

Сезімталдық талдауы таза берешек сомасы, берешек бойынша құбылмалы пайыздық мөлшерлемелерге тіркелген пайыздық мөлшерлемелердің ара катынасы, сондай-ақ шетел валютасындағы қаржы құралдарының үлесі тұрақты өлшемдер болып табылады деген жорамалдың негізінде дайындалды.

*Пайыздық мөлшерлемелерге байланысты тәуекел*

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі, ең алдымен, Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар борыштық міндеттемелеріне жатады.

Топ саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

Келесі кестеде Топтың салық салығы салынғанға дейінгі пайдасының/(шығынының) (қарыздар бойынша құбылмалы пайыздық мөлшерлемеге ықпалы арқылы) пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге деген сезімталдығы келтірілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Топтың капиталына әсер ету жоқ.

| *Мың теңгемен* | Базистік тармақтардағы ұлғаю/азаю | Салық салынғанға дейін (залалға)/ пайдаға әсері |
|---|---|---|
| **2015 жыл** | | |
| Либор | **+0,50** | **(77.098)** |
| | **-0,12** | **18.504** |
| **2014 жыл** | | |
| Либор | +2,8 | 21.699 |
| | -2,8 | (21.699) |

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықты талдау шеңберінде базалық тармақтардағы өзгерістер туралы жорамалдар осы сәтке байқалатын нарықтық жағдайға негізделеді.

**Валюталық тәуекел**

Валюталық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны шетел валюталары бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың едәуір сомалары мен кредиторлық берешектің нәтижесінде Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамдарындағы өзгерістер айтарлықтай ықпалын тигізе алады. Қаржы-шаруашылық қызмет сондай-ақ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырағыш. Мұндай тәуекел АҚШ долларындағы кірістер бойынша туындайды.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Валюталық тәуекел (жалғасы)**

Келесі кестеде Топ пайдасының /(шығынының) салық салынғанға дейінгі АҚШ долларының айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге барлық басқа өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Топтың капиталына әсер ету жоқ.

| *Мың теңгемен* | Бағамдағы ұлғаюы/кемуі | Салық салынғанға дейін (залалға)/ пайдаға әсері |
|---|---|---|
| **2015 жыл** | | |
| АҚШ Доллары | | |
| | +60% | (40.447.787) |
| | -20% | 13.482.596 |
| **2014 жыл** | | |
| АҚШ Доллары | | |
| | +17,37% | (24.618.229) |
| | -17,37% | 24.618.229 |

**Несиелік тәуекел**

Несиелік тәуекел – бұл қаржы құралы бойынша тараптардың бірі міндеттемені орындай алмайтындығының және басқа тарапты қаржылық шығынды көтерткізуге мәжбүрлейтіндігінің тәуекелі. Ол өзінің операциялық қызметінің және кейбір инвестициялық қызмет түрлерінің нәтижесінде несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді. Инвестициялық қызметке қатысты болса, Топ қазақстандық банктерде депозиттерді орналастырады *(11 және 12-ескертпе)*. Топ басшылығы төтенше несиелік тәуекелдерді болдырмау мақсатында осы банктердің несие рейтингін мерзімді қарастырады. Топ басшылығы жақындағы халықаралық несиелік дағдарыс пен одан кейін болған жергілікті банктердің несиелік рейтингілерінің өзгерістері төтенше несиелік тәуекелді ақтамайды деп санайды. Тиісінше, банк салымдары бойынша құнсыздану резерві қажет емес.

Келесі кестеде «Standard & Poor's» және Fitch Ratings агентіктерінің несие рейтингін колдана отырып есепті күнге ақша қаражаты мен банк салымдары бойынша сомалар көрсетілген.

| *Мың теңгемен* | Орналасқан жері | 2015 жыл | | 2014 жыл | | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «Қазақстанның Халық банкі» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | BB/ тұрақты | Standard& Poor's | BB+/тұрақты | 16.577.211 | 6.154.597 |
| «Bank RBK» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | B-/тұрақты | Standard& Poor's | B-/оң/C | 12.185.266 | 10.382.410 |
| «Сити Банк Қазақстан» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | A/тұрақты | Standard& Poor's | A-1/тұрақты | 7.322.905 | 768.175 |
| Deutsche Bank | ФГР | Standard& Poor's | BBB+/тұрақты | | | 473.221 | – |
| «ForteBank» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | B/тұрақты | Standard& Poor's | | 349.756 | |
| «Qazaq Bank» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | B-/тұрақты/C | Standard& Poor's | B-/тұрақты/C | 286.068 | 6.474.544 |
| «Цесна Банк» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | B+/тұрақты/B | Standard& Poor's | B+/тұрақты/B | 215.467 | 19.020.453 |
| «Еуразиялық Банк» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | B/оң/B | Standard& Poor's | B+/оң/B | 201.274 | 309.661 |
| «Банк ЦентрКредит» АҚ | Қазақстан | Fitch Ratings | B/тұрақты/B | Fitch Ratings | B+/тұрақты/B | 188.569 | 1.058.378 |
| «Қазкоммерцбанк» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | B-/теріс | Standard& Poor's | B/тұрақты/C | 162.576 | 581.270 |
| «Altyn Bank» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | BB/тұрақты | Standard& Poor's | BB+/тұрақты | 120.781 | 161.722 |
| «RBS» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | Ba1/теріс | Standard& Poor's | A-/теріс | 90.992 | 365.897 |
| «Бағалы Қағаздардың Орталық Депозитарийі» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | A/оң | Standard& Poor's | A/оң/A | 22.224 | 22.224 |
| Bank of China | | | | | | 16.064 | |
| «Альфа Банк» АҚ | Ресей | Standard& Poor's | B+/теріс | Standard& Poor's | B+/тұрақты/B | 1.875 | 421 |
| «ВТБ Банк» АҚ | Қазақстан | Fitch Ratings | BB+/теріс- | Fitch Ratings | BBB- | 715 | 86.515 |
| «Каспий Банк» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | B1/теріс | Standard& Poor's | BB-/тұрақты/B | 492 | 1.600 |
| «Ресей Жинақ банкі» АҚ | Қазақстан | Fitch Ratings | Ba3/тұрақты | Fitch Ratings | Ba2/теріс/NP | 358 | 11.435 |
| «БТА Банкі» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | Қайтарылып алынды | Standard& Poor's | Қайтарылып алынды | 321 | 1.699 |
| «АТФ Банкі» АҚ | Қазақстан | Fitch Ratings | B-/тұрақты | Fitch Ratings | B-/тұрақты | 63 | 2.350 |
| «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ | Қазақстан | Fitch Ratings | B/тұрақты | Fitch Ratings | B/тұрақты | – | 12.855.675 |
| «Темірбанк» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | B- | Standard& Poor's | B-/тұрақты | – | 2.937.755 |
| «Delta Bank» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | BB/тұрақты | Standard& Poor's | B/тұрақты | – | 1.530.611 |
| «Альянс Банк» АҚ | Қазақстан | Standard& Poor's | BB/тұрақты/B | Standard& Poor's | B/тұрақты/B | – | 1.121.076 |
| | | | | | | 38.216.198 | 65.848.468 |

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Несиелік тәуекел (жалғасы)**

Операциялардың қазіргі деңгейінде басшылық несиелік бақылаудың және өнеркәсіптік тұтынушылар мониторингінің тиісті процедураларын белгіледі деп есептейді, бұл Топқа мойындалған, несие төлеуге қабілетті үшінші тараптармен сауда операцияларын жасауға мүмкіндік береді. Қолдағы дебиторлық берешекке тұрақты мониторинг жасап отырады, соның нәтижесінде үмітсіз берешектің пайда болу тәуекелі елеусіз болып табылады. Несиелік тәуекелдер дербес құнсыздану рәсімінен өтеді. Несиелік тәуекелдердің шоғырлануы негізінен негізгі шоттарға, атап айтқанда халықаралық клиенттерге жатады.

Ақша қаражаты мен олардың баламалары, пайызсыз қарыздар және өзге де дебиторлық берешек кіретін Топтың өзге де қаржы активтері бойынша туындайтын несиелік тәуекелге қатысты Топтың несиелік тәуекелге ұшырағыштығы қарсы агент дефолтының нәтижесінде туындайды, ал тәуекелдің ең көп мөлшері мұндай құралдардың баланстық құнына тең болады.

Ең көп несиелік тәуекел *8, 10, 11 және 12 ескертпелерде* ашылып көрсетілген баланстық құнмен шектелген. Байланысты тараптардан алынуға жататын пайызсыз қарыздардың баланстық құны қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ашылып көрсетілген.

**Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – Топтың қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерді өтеуге арналған қаражатты алу кезінде қиындықтардың пайда болу тәукелі. Өтімділік тәуекелі оның әділ құнына жақын бағасы бойынша қаржы активін жылдам сату мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Топ өтімді қаражаттар қажеттілігін үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген орын алатын міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болатын көлемде қаражатпен қамтамасыз етеді.

Келесі кестеде 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігіндегі Топтың қаржылық міндеттемелері көрсетілген.

| *Мың теңгемен* | Талап етілгенге дейін | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан астам | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2015 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | – | 187.500 | 6.677.815 | 105.910.103 | 6.875.000 | 119.650.418 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | – | 73.433.815 | – | – | – | 73.433.815 |
| Пайыздық қарыздар | 204.106 | 5.258.318 | 14.257.620 | 22.299.926 | 15.619.669 | 57.639.639 |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар | – | 26.587.638 | 3.849.793 | 147.038.131 | 17.889.795 | 195.365.357 |
| | 204.106 | 105.467.271 | 24.785.228 | 275.248.160 | 40.384.464 | 446.089.229 |

| *Мың теңгемен* | Талап етілгенге дейін | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан астам | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2014 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | – | 323.595 | 1.449.302 | 108.733.160 | – | 110.506.057 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | – | 58.112.573 | – | – | – | 58.112.573 |
| Пайыздық қарыздар | – | 85.004.705 | 3.396.268 | 14.677.626 | 10.415.648 | 113.494.247 |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар | – | – | 611.853 | 2.440.631 | 17.930.991 | 20.983.475 |
| | – | 143.440.873 | 5.457.423 | 125.851.417 | 28.346.639 | 303.096.352 |

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Капиталды басқару**

Капиталды басқаруға байланысты Топтың негізгі мақсаты тұрақты несие төлеу қабілетін қамтамасыз ету және Топ қызметін жүргізу үшін капиталдың барабар деңгейі мен акционерлердің пайдасын барынша көбейту.

Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Топ өз капиталын басқарады. 2014 жылмен салыстырғанда Топтың жалпы стратегиясы өзгеріссіз қалды.

Топ капиталының құрылымы *14, 15 және 16-ескертпелерде* ашылып көрсетілген пайыздық қарыздар, шығарылған борыштық бағалы қағаздар мен байланысты тараптардың қарыздары кіретін берешектен және бұл *13-ескертпеде* ашылып көрсетілгендей жарғылық капитал, қосымша төленген капитал мен бөлінбеген пайда кіретін меншікті капиталдан тұрады.

Топ басшылығы әр жарты жыл сайын капитал құрылымын талдайды. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Топтың 1,5 аспайтын капиталға қарыз қаражаты үлесінің мақсатты коэффициенті бар.

Қарыз қаражаты үлесінің капиталға коэффициенті жыл соңына былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар *(14-ескертпе)* | **105.093.277** | 107.772.814 |
| Пайыздық қарыздар *(15-ескертпе)* | **45.883.469** | 105.335.083 |
| Байланысты тараптардан қарыздар *(16-ескертпе)* | **169.828.015** | 7.982.388 |
| Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары, бан салымдары *(11 және 12-ескертпелер)* | **(38.216.198)** | (65.848.468) |
| **Берешек жиыны** | **282.588.563** | 155.241.817 |
| Капитал | **486.963.801** | 564.443.209 |
| **Қарыз қаражаты үлесінің коэффициенті** | **0,58** | 0,28 |

**Қаржы құралдарының әділ құны**

Бұдан әрі Топтың барлық қаржы құралдарының баланстық құны мен әділ құны бойынша бөле отырып салыстыру берілген:

| *Мың теңгемен* | Ағымдағы құн | | Әділ құн | |
|---|---|---|---|---|
| | 2015 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | 2014 жыл |
| **Қаржы активтері** | | | | |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешек, нетто | **65.725.667** | 63.033.980 | **65.725.667** | 63.033.980 |
| Банктердегі салымдар | **12.589.557** | 57.038.550 | **12.589.557** | 57.038.550 |
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар | **61.098.669** | 25.427.403 | **61.098.669** | 25.427.403 |
| Пайдалануға шектелген ақша қаражаты | **6.048.059** | 4.178.146 | **6.048.059** | 4.178.146 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | **19.578.582** | 4.631.772 | **19.578.582** | 4.631.772 |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | |
| Борыштық міндеттемелер | **(105.093.277)** | (107.772.814) | **(107.495.971)** | (111.187.863) |
| Өзгермелі мөлшерлемесі бар қарыздар | **(15.500.479)** | (76.777.496) | **(15.500.479)** | (76.777.496) |
| Тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздар | **(30.292.055)** | (28.630.793) | **(30.292.055)** | (28.630.793) |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | **(73.488.169)** | (58.163.761) | **(73.488.169)** | (58.163.761) |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар | **(169.828.015)** | (7.982.388) | **(169.828.015)** | (7.982.388) |

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Бағалау және болжау әдістері**

Топ басшылығы ақша қаражаты мен банк салымдарының, сауда дебиторлық берешектің, байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздардың, сауда және басқа да кредиторлық берешектің, алынған қысқа мерзімді қарыздардың әділ құны, ең алдымен, бұл құралдарды өтеудің қысқа мерзімдеріне орай, шамамен олардың баланстық құнына тең екендігін айқындады.

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны мұндай мәмілені жасағысы келетін тараптардың арасындағы ағымдағы операцияның нәтижесінде мәжбүрлі сатудан немесе таратудан басқа, құралға айырбасталуы мүмкін соманы білдіреді.

Бағасы белгіленетін облигациялардың әділ құны есепті күнгі бағалардың белгіленуі негізінде айқындалады.

Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құны өтеуге дейін қалған ұқсас талаптармен, несие тәуекелімен және мерзімдермен берешек үшін ағымдағы мөлшерлемелерді пайдалана отырып дисконтталған ақша ағындары әдістерінің көмегімен айқындалады.

**Әділ құны көздерінің иерархиясы**

Топтың 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштық міндеттемелерінің әділ құнын бағалау кезінде белсенді нарықтардағы баға белгілеулер пайдаланылды (1-ші деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленуі (қандай да бір түзетулерсіз)). 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алынған ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құны айтарлықтай қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып бағаланды (2-ші деңгей – бағалау модельдері (оларда әділ құнын бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама қадағаланатын болып табылады)).

## 33. АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР

Мына елеулі ақшасыз операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталды:

**Жарғылық капиталды ұлғайту**

2015 жылдың ішінде Топ әрқайсысының номиналды құны 10.000 теңге болатын 375.162 дана жай акцияны шығарды. Акцияларды Компанияның жалғыз акционері сатып алып, «Астана Газ КМГ» АҚ-ның жай акцияларының 100% нысанындағы мүліктік салыммен және 3.751.420 мың теңге мен тиісінше 185 мың теңге сомасындағы «Қансу-Оперейтинг КМГ» ЖШС-тегі 100% қатысу үлесімен төленді *(13-ескертпе)*. Берілу күнгі жағдай бойынша бұл компаниялардың таза активтеріне 3.634.915 мың теңге мөлшеріндегі негізгі құралдар, 545.202 мың теңге мөлшеріндегі өтелуге жататын ҚҚС, 481.303 мың теңге мөлшеріндегі байланысты тараптардан қарыздар және 52.606 мың теңге сомасындағы басқа да ағымдағы активтер кіреді.

2014 жылы Топ бір акция үшін номиналды құны 10.000 теңге болатын 1.902.822 дана көлемінде жай акцияларды шығарды. Акцияларды Компанияның жалғыз акционері сатып алып, 17.189.465 мың теңге сомада газ құбырларын беру нысанында мүліктік салыммен төленді. Берілген негізгі құралдар бойынша толығырақ ақпарат *13-ескертпеде* келтірілген.

**Негізгі құралдарды беру**

2015 жылы Топ «Самұрық Қазына» ҰӘҚ Ақ-нан сенімгерлік басқару шарттары бойынша 13.375.258 мың теңге сомасына негізгі құралдарды алды (2014 жылы: 208.451.418 мың теңге). Сенімгерлік басқаруға алынған негізгі құралдар бойынша барынша толығырақ ақпарат *4-ескертпеде* келтірілген.

2015 жылы Топ өз тұтынушыларынан өтеусіз негізде 565.140 мың теңге (2014 жылы: 370.138 мың теңге) сомасына газ құбырларын алды *(4-ескертпе)*.

**Ұзақ мерзімді активтерді жеткізгені үшін кредиторлық берешек**

2015 жылы 7.433.955 мың теңге сомасына негізгі құралдардың түсуі кредиторлық берешекті ұлғайту есебінен қаржыландырылды (2014 жылы: 4.352.797 мың теңге).

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 33. АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)

**Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар**

2015 жылы 17.121.721 мың теңге сомасына негізгі құралдардың түсуі 2014 жылы берілген аванстар арқылы қаржыландырылды (2014 жылы: 6.711.915 мың теңге).

**Тауар-материалдық қорларды аудару**

2015 жылы 4.603.074 мың теңге сомасына тауар-материалдық қорлар негізгі құралдарға қосылды (2014 жылы: 5.889.856 мың теңге) *(4-ескертпе)*.

**Газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша актив**

2015 жылы негізгі құралдардың түсімдеріне резерв есебінен құрылған, 760.863 мың теңге сомасында газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру шығындары кірді (2014 жылы: 35.276.662 мың теңге) *(18-ескертпе)*.

**Қаржылық шығындарды капиталдандыру**

2015 жылы негізгі құралдардың түсімдеріне 107.760 мың теңге (2014 жылы: 335.864 теңге) сомасында қаржылық шығындардың капиталдануы кірді.

**Пайыздық қарыздар**

2015 жылы «VTB Bank» тобының қарызы Natixis, ING Bank, ING-DiBa AG филиалы, «Citibank N.A., London branch» банктер синдикатынан алынған қарыздың есебінен өтелді. Бұл борышты синдикат тікелей «VTB Bank» тобына тікелей өтеп берді *(15-ескертпе)*.

### 34. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2016 жылғы қаңтарда ГазПром Қырғызстан ЖШС Топ алдында 2004-2014 жылдар ішінде газды жеткізгені және рұқсатсыз іріктеп алғаны үшін 15.293.591 мың теңге (2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баламасы 41.610 мың АҚШ доллары) жалпы сомаға борышты өтеді.